**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы     Қыркүйек айы**

| ҰҚ | **Қазақ тілі    5.09.2022** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті<br>қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге, ол сөздерді қолдана білуге үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>**Сөздер:балалар, балабақша, есік, терезе, тұз,   ірімшік, аң, сүт** |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыпқа байланысты суреттер, карточкалар, слайдтық презентация |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | «Әдепті елдің баласы,<br>Алдымен сәлем береді»<br>Сәлем саған Жер Ана!<br>Сәлем саған нұрлы күн!<br>Аман –есен болайық, Бейбітшілік қалайық! |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Балалармен күз мезгілі, апта күндері туралы әңгіме жүргізіледі.<br>Мұғалім: балалар біз бүгін сәлемдесу, амандасу туралы әңгімелесеміз.<br>-Сендер қалай ойлайсыңдар адамдан неліктен бір – бірімен амандасады?<br>-Дұрыс айтасыңдар!<br>-Ал сендер үлкендермен қалай амандасасыңдар?<br>Мысалы, таңертең балабақшаға келгенде сендер бірінші кіммен амандасасыңдар?<br>-Дұрыс айтасыңдар.<br>Үлкен адамды көргенде сәлеметсіз бе дейсіңдер.<br>Бейне таспа көрсету.<br>Үлкендер бір-бірімен «Сәлеметсіз бе?», «Амансыз ба?», «Ассалаумағалейкум» - деп бір –бірімен амандасады.<br>Ал, достар бір – біріне «Сәлем» дейді.<br>-Балалар, біз бүгін сәлемдесудің әдептіліктің бастауы екенін білдік.<br>**Бой сергіту:**<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп – кішкентай балалар,<br>Үп – үлкен боп өседі.<br>**Ойын: «**Қалай амандасу керек?»<br>Балалар бір –біріне әдемі гүл сыйлап, сәлемдеседі.<br>Сырттан қазақша киим , басына кимешек киген әже келеді.<br>Әже: мына балалар әдепті балалар екен. Кірген бойда амандасып жатыр.<br>Мұғалім: Иә, әже біздің балалар амандасудың түр –түрін біледі.<br>Тыңдап көріңіз.<br>Көшелерден біз өткен, Ата көрсем жақын кеп,<br>Сәлем берем ізетпен! «Ассалаумағалейкум»- деп<br>Алдан әже жолықса, Бөгелем де әдеппен.<br>Сәлемдесіп сол сәтте, «Есенсіз бе, Әжей» -деп<br>Кім кезіксе көшеде.<br>Таныс емес демеймін.<br>«Аға, тәте, көкеге», «Сәлеметсіз бе?» - деймін мен. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Ойын: «Қолшатыр»<br>Шарты: Мұғалім «Жаңбыр» дегенде балалар мұғалімнің алақанының астына сұқ саусақтарын қояды. Беске дейін санайды да қолшатыр жабылып қалады. Кімнің қолын қысып ұстап қалса сол бала  мұғалімнің тапсырмасын орындайды, көрсетеді, айтады.<br>Балалар, балабақша, есік, терезе, тұз, ірімшік, аң, сүт |

**Тексерілді : 5.09.2022 ж**

Әдіскер Даu— 
методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

| ҰҚ | **Қазақ тілі 07.09.2022** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Сүйікті балабақшасы туралы түсінік беру. Сөздің дыбысталу мәдениеті.Артикуляциялық дыбыстарды анық айтуын жаттықтыру.<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә,ө,ң,қ,ү,ұ,)дұрысайтуға машықтандыру. Қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту үшін ойын жаттығуларын қолдану.<br>Балалардың сөздік қорын кеңейту және байыту.<br>**Сөздер:** асхана, жарық, қабатты, кең, есік, терезе, кілем, төсек |
| **Көрнекіліктер** | Балабақша суреті (1-кесте), үлестірмелі суреттер, (есік, терезе, кілем, төсек, үстел, орындық), түрлі-түсті қарандаш. |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Жарқыраған күнге!<br>-Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Интерактивті тақтада балабақша суреті көрсетіледі.<br>-Балалар қайда келді ?<br>Тақтадағы суретке көңіл аударды.<br>-Балалар қайда?<br>-Топта не бар?<br>Жаңа сөздермен таныстыру (жұмыс дәптеріндегі суреттер арқылы). |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Мынау –есік.<br>І-і-і-і-ік-ік-міне,есік.<br>Мынау –есік. -Мынау не?<br>-Мынау- терезе,те-ре-зе.<br>-мынау-кілем,кі-лем.<br>І-і-кі-кі-кі-лем. Әдемі кілем. Үлкен кілем.<br>-Мынау –төсек.<br>Ө-ө-өс-өс-төс-төс-төсек.<br>**Сергіту сәті:**<br>Отырамыз!<br>Тұрамыз!<br>Бір ,екі,үш.<br>Біз жинаймыз күш! (2-3рет қайталату ).<br>«Дұрыс қайтала,көрсет» д-ойын.<br>Үлестірмелі қима суреттермен жұмыс жүргізіледі.<br>**«Сақ бол» д –ойыны.**<br>Жұмыс дәптеріндегі «Біздің балабақшамыз» өлеңін оқиды.<br>Қанша бала, қанша қыз-<br>Бір шоқ гүлміз баршамыз.<br>Ойын күлкі ордасы-<br>Біздің балабақшамыз.<br>Жұмыс дәптеріндегі кілемді (түскигізді) бояту. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Балалар қайда барады?<br>Қандай сөз үйрендің?<br>Кілем қандай? |

**Тексерілді : 7.09.2022 ж**

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

| ҰҚ | Қазақ тілі    12.09.2022 | |
|---|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Балаларды қазақша амандасып, қарапайым сұраққа жауап беруге үйрету.<br>Жаңа сөздермен танысып,қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту.Достыққа, адамгершілікке баулу.Екі,үш сөйлемнен тұратын заттардың қысқаша сипатын құрай білуге үйрету.<br>**Билингвальді компонент:**Сәлеметсіз бе!  Сау бол. Сау болыңыз, Қош болыңыз!-Досвидания! | |
| **Көрнекіліктер** | ұлттық киімдегі қуыршақ, суретті сөздіктер,үлестімелі материалдар. | |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Шаттық шеңбері<br>Армысың, асыл күн!<br>Армысың, асыл жыр!<br>Армысың, көк аспан!<br>Армысың, жан досым!<br>Жылуыма жылу қос<br>Міне менің қолым.1.Қуыршақ (ұлттық киімдегі әдемі қуыршақ)<br>Ұйымдастырылған оқуіс-әрекетіне арнайы қонақ болып келеді.<br>-Сәлеметсіңдер ме,балалар?<br>Бүгін бізге қонаққа қуыршақ Айсұлу келді. Кәне, бәріміз Айгөлекпен амандасайық!<br>-Сәлеметсіз бе!<br>Қуыршақ Айгөлек:<br>-Жаңа оқу жылымен құтықтаймын.Сендерге мемлекеттік тілді үйретуге көмектесемін, алдағы жұмыстарыңа табыс тілеймін.<br>**2. «Танысу» д-ойыны.**<br>-Сенің атың кім? (Балалармен танысу). | |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | **3. «Тыңда, көрсет, қайтала»д**-ойыны.Шарты: тақтаға қуыршақтың суреті ілінеді. Балалар педагогтың сұрақтарына жауап қайтарады.<br>-Мынау не?<br>Қуыршақ ұл ма, қыз ба?<br>**4.Дыбыстық жаттығулар.**<br>ҚУ-ҚУ-ҚУ-ҚУЫРМАШ.<br>ҚЫ-ҚЫ-ҚЫ-ҚЫЗ.<br>**5.сергіту сәті:**<br>Мен әдемі қуыршақпын,<br>Би билеймін көңілді.<br>Ұл мен қыздар тыңдайды,<br>Бірге билеп зырлайды. | |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **6.№1 үлестірмелі материялдармен жұмыс.**<br>«Сұрақ-жауап»д-ойыны.<br>-Мынау кім?<br>-Мынау не?<br>-Балабақшаға келгенде қалай амандасамыз?<br>-Мынау кім?<br>-Балабақшадан кетерде қалай қоштасамыз? | -Мынау-қыз.<br>-Қуыршақ-қыз.<br>-Сәлеметсіз бе?<br><br>Мынау-ұл.<br>-Сау болыңыз!<br>Хош болыңыз!<br>Аман болыңыз! |

**Тексерілді : 12.09.2022 ж**    Әдіскер Методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

| ҰҚ | Қазақ тілі 14.09.2022 |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Дос сөзінің мағанасын түсіндіру. Достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>Қазақтіліндегі дыбыстардыдұрыс айтудыдамытуүшінойынжаттығуларын қолдану.<br>Балалардың сөздік қорын кеңейту және байыту. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Екі,үш сөзден тұратын сөйлемдер құрастыруға үйрету.<br>**Сөз тіркесі:**Біз доспыз, тәртіпті баламыз, әдепті боламыз, үлкендерді сыйлаймыз, көмектесеміз<br>**Бмлигвальді компонент:**дос-друг, досым- мой друг, жақсы-хорошый, ойнаймыз- играем |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыпқа байланысты суреттер, карточкалар, слайдтық презентация |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | «Сәлеметсіздер ме!<br>Шаттық шеңбері:<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық бәріміз,<br>Арайлап атқан күнге. |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | «Сұрақ жауап » д/ ойыны<br>Өткен тақырыпты естеріне түсіру.<br>-Өткен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетмізде қонақта қандай ойыншық болды?<br>-Біз қуыршақ қызға қалай амандастық?<br>-Қандай сөздермен таныстық?<br>«Ғажайып қоржын» д/ ойыны.<br>Ойыншықтарды ала отырып, олардың атын атап, достарына беру.<br>-Мынау не? Досыңа бер.<br>Дыбыстық жаттығуларды өткізу.<br>ОС-ОС-ОС-ДОС. СЫ-СЫ-СЫ-ЖАҚСЫ<br>ӨП-ӨП-ӨП-КӨП<br>**«Досыңды ата»** д/ ойыны.<br>Менің досым ...<br>**Сергіту сәті.**<br>Балабақша әдемі,<br>Балалардың әлемі.<br>Орындық пен үстелде,<br>Отырамыз әдемі |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Үлестірмелі материлдармен жұмыс.<br>Суретке қарап, сөздерді атау.<br>Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту мақсатында бөлмедегі затарды орналастыру (үстел,орындықты тауып жабыстыру).<br>«Қайсысы қайда орналасады?»д-ойыны. |

**Тексерілді : 14.09.2022 ж** Әдіскер методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

| **ҰҚ** | **Қазақ тілі 19.09.2022** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** Өзінің ойыншықтары туралы әңгімелеу. Қазақ тілін тыңдау және түсіну білуді жаттықтыру.Қазақ тіліндегі сөздерді түсіну және анықайту,сөйлегенде қазақша сөздерді және сөз тіркестерін қолдануды жаттықтыру. Қарапайым сұрақтар қоя білуге және оларға жауап беруге үйрету.<br>**Сөздер:**Қуыршақ, жалау, қоржын, қызық, бірге, мата, резеңке, текше, таласу, бөлісу, ойнау<br>**Сөз тіркесі:**Бірге ойнау, қызық ойын, ойыншықпен бөлісуКөрнекіліктері: ойыншықтар, суреттер(1-2кесте), үлестірмелі материалдар, қоржын, жұмыс дәптер.<br>**Билингвальді компонент**:доп-мяч, қуыршақ – кукла, мәшине – машина, шар – шар, кубик – кубик, текше, асық, қоян, піл, ал; |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыпқа байланысты суреттер, ойыншықтар, слайдтық презентация |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Барлық елдің бөбегі,<br>Бір-бірімен туысқан.<br>Бәрімізге төгеді,<br>Өз шуағын күміс таң!<br>Қайырлы таң, балалар!<br>«Ғажап қоржын»д-ойыны.<br>Қоржыны бар қуыршақ Айжан келед<br>-Айжан, қолындағы не?<br>-Қоржын.<br>-Онда не бар?<br>-Ойыншық. |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | «Айжан қоржынның екінші басындағы ойыншықтармен таныстырады:<br>-Мынау-текше.Тек-ше.<br>Мынау –текшелер.Мынау қандай текше?<br>-Мынау-асық.<br>Қ-қ-қы-қы-ық-мынау-асық<br>-Мынау асықтар.<br>Мынау-қоян.Қандай дыбыстан басталып тұр?<br>Балалар жауабын анықтап, қортынды жасату.<br>Қ-қ-қо-қо-қоян. Қ-қ-қу-қу-қу-ыр-шақ Ян-ян міне-қоян.<br>-Мынау-піл. Пі-і-іл, піл Айжан қоштасып кетеді.<br>«Мен секілді қайтала» д/ойыны.<br>Ал, сендер ойыншықтар туралы *тақпақтар* білесіңдер ме?<br>Бип-бип, бип дейді, Жолдан былай кет дейді Әрмен-бермен зырылдап, Бір орнында тұрмайды..<br>**Сергіту сәті:**<br>Мен әдемі қуыршақпын,<br>Оңға, солға бұрыламын.<br>Допты жерден аламын,<br>Қайта жерге қоямын.<br>«Айтқанды орында » Д/ойын<br>Мысалы: - Саша, текше ал. Т.с.с.<br>Дәптермен жұмыс. Жүргізілген тапсырманы түсіндір. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Топта не бар?» д/ойыны<br>Қ -дыбысы кездесетін ойыншықтардың аттарын сұрау.<br>- Айжанның ойыншықтары қандай екен? ( Олардың сынбаған таза екенін атап өтеді.) |

**Тексерілді : 19.09.2022 ж** Әдіскер Методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

| ҰҚ | **Қазақ тілі 21.09.2022** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** Өзінің ойыншықтарының қандай екенін айтуға үйрету. Жұмсақ, қатты, үлкен, кіші, әдемі сөздерін үйрету.Қазақ тілін тыңдау және түсіне білуді жаттықтыру.Қазақ тіліндегі сөздерді түсіну және анықайту,сөйлегенде қазақша сөздерді және сөз тіркестерін қолдануды жаттықтыру. Қарапайым сұрақтар қоя білуге және оларға жауап беруге үйрету.<br>**Сөздер:**Қуыршақ, жалау, қоржын, қызық, бірге, мата, резеңке, текше, таласу, бөлісу, ойнау<br>**Сөз тіркесі:**Бірге ойнау, қызық ойын, ойыншықпен бөлісуКөрнекіліктері: ойыншықтар, суреттер(1-2кесте), үлестірмелі материалдар, қоржын, жұмыс дәптер.<br>**Билингвальді компонент:**доп-мяч, қуыршақ – кукла, мәшине – машина, шар – шар, кубик – кубик, текше, асық, қоян, піл, ал; |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыпқа байланысты суреттер, ойыншықтар, слайдтық презентация |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Барлық елдің бөбегі,<br>Бір-бірімен туысқан.<br>Бәрімізге төгеді,<br>Өз шуағын күміс таң!<br>Қайырлы таң, балалар!<br>«Ғажап қоржын»д-ойыны.<br>Қоржыны бар қуыршақ Айжан келед<br>-Айжан, қолыңдағы не? . -Қоржын не бар?. Онда Ойыншық |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Айжан қоржынның екінші басындағы ойыншықтармен таныстырады:<br>-Мынау-текше.Тек-ше.<br>Мынау –текшелер.Мынау қандай текше?<br>-Мынау-асық.<br>Қ-қ-қы-қы-ық-мынау-асық<br>-Мынау асықтар.<br>Мынау-қоян.Қандай дыбыстан басталып тұр?<br>Балалар жауабын анықтап, қортынды жасату.<br>Қ-қ-қо-қо-қоян. Қ-қ-қу-қу-қу-ыр-шақ Ян-ян міне-қоян.<br>Мынау-піл. Пі-і-іл, піл<br>«Мен секілді қайтала» д/ойыны.<br>Ал, сендер ойыншықтар туралы *тақпақтар* білесіңдер ме?<br>Дөп-дөңгелек ала доп,<br>Қызыл, жасыл және көк.<br>Ала шықтым аулаға,<br>Ойнайтұғын бала көп.<br>Ойын: «Кім қағып алады?»<br>**Сергіту сәті:**Мен әдемі қуыршақпын,<br>Оңға, солға бұрыламын.<br>Допты жерден аламын,<br>Қайта жерге қоямын.<br>«Айтқанды орында » Д/ойын<br>Мысалы: - Саша, текше ал. Т.с.с.<br>Дәптермен жұмыс. Жүргізілген тапсырманы түсіндір. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | «Сиқырлы қалта» д/ойыны<br>Қалтадағы ойыншықтарды көздерін жұмып тұрып табады. |

**Тексерілді : 21.09.2022 ж**

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

| ҰҚ | **Қазақ тілі 26.09.2022** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Күз мезгілдерін және табиғаттың жеке құбылыстарын, ай атауларын үйрету. Тілдерін дамытып, сөздік қорларын молайту.<br>**Сөздер:**Қыркүйек, қазан, қараша, бұлт, мезгіл, жауын, салқын, суық, жел, қолшатыр<br>**Сөз тіркесі:**жаңбыр жауады, күн суытады, жылы киім киемін, түрлі-түсті жапырақ, алтын күз, жел соғады<br>**Әдіс – тәсілдері:** Сұрақ – жауап, әңгімелеу, тыңдау.<br>**Сөздік жұмыс**: Сары алтындай жайқалған ,жиын-терін,берекелі күз, жомарт күз.<br>**Билигвальді компонент:**күз-осень, жаңбыр-дождь, жапырақ-лист, жел – ветер |
| **Көрнекіліктер** | Күз мезгілінің суреттері, бақшадағы көкөністер, баудағы жемістер суреттері |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Барлық елдің бөбегі,<br>Алақанды ашайық,<br>Күннің нұрын салайық,<br>Жүрек жылуын салайық,<br>Осы жақсы лебіздерді<br>Балаларға сыйлайық. |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | **Жұмбақ шешу**<br>Жауып жаңбыр, жерде сабыр,<br>Шөп, жапырақ солады.<br>Айтыңдаршы, бөбектерім ,<br>Бұл қай кезде болады?<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Күз неше айдан тұрады?<br>- Күзді неге «жомарт күз »деп атайды?<br>**Ойын : «Табиғат мейірімді ».**<br>Шарты: Сөйлемді бастап беру. Балалар сөйлемді әрі қарай жалғастырады.<br>-Жер-Ана мейірімді ,өйткені ол ......( көкөністер мен жемістерді өсіреді).<br>-Күн мейірімді, өйткені ол ......( жарығын, жылуын береді).<br>**Жомарт күз.**<br>Жемісі мол теретін ,<br>Күз дос екен бізбенен.<br>Бәрін тауып беретін<br>Жомарт екен күз деген.<br>**Күз**<br>Біреу астық түсіріп,<br>Біреу бидай ұшырып.<br>Жатқан мезгіл күз екен<br>Алдым соны түсініп.<br>Күз айында жемістер мен көкөністер піседі. Жемістер бақта өседі, көкөністер бақшада өседі.<br>-Жемістер мен көкөністерді ата.<br>**Сергіту сәті**:( баяу музыка орындалады)<br>Бастаушы: Күзде ағаш жапырақтары сарғаяды, жел соғады, ағаштар тербеледі, жапырақтар жерге қалықтап түседі.Аспанды бұлт торлайды, жаңбыр жауады.Тук,тук,тук (дыбыс шығару).Күн жарқырап шықты, біз қуанамыз! |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жемісі?»<br>Шарты: Әр жемісті сәйкес ағаштарға тауып ілу. (Алма,алмұрт,шие) ағаштары<br>Сабақты қорыту: |

**Тексерілді : 26.09.2022 ж** Әдіскер методисі

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

| ҰҚ | **Қазақ тілі 28.09.2022ж.** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** Жаңа сөздер үйрету; жемістер мен көкөністер қандай? сұрағына дұрыс жауап беруды үйрету қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Билингвальдік компонент**; Алма- яблоко, груша - алмұрт, вишня - шие, абрикос - өрік, виноград - жүзім, картоп, қызанақ, қырыққабат, қияр, қауын – жемістер, қандай, үлкен – кішкентай, қандай- какой? т.б. |
| **Көрнекіліктер** | муляждар, бау-бақшаның суреттері, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері, түрлі-түсті қарындаштар. |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Сәлемдесу:<br>Сәндендіп, демеламыз,<br>Сәулетті қаламыз.<br>Сәулемен құлпырды,<br>Сәлем күн – Анамыз! |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Картоп, қызанақ, қырыққабат, қияр, қауын қайда өседі. Тақтада «Бау-бақша» суретінде жемістердің қайда өсіп тұрғанына көңілдерін аударады. Алма, алмұрт, өрік, алхор т.б. – жемістер.<br>Же-міс.<br>Апорт деген алма бар,<br>Алматы оның Отаны.<br>Ондай алма қайда бар,<br>Жерді жарған атағы.<br>Ыдыстағы жеміс-жидектермен таныстырады.<br>Жемістер қандай?<br>Мынау алмұрт. Ал-мұрт. Алмұрт қандай? Ұ-ұ-ұ-ұл-ұрт. Алмұрт-жеміс.<br>Алмұрт сары, дәмді. Мынау шие. Шие жеміс. Шие<br>дәмді, қышқыл, қызыл. Алмұрт үлкен, шие кішкентай. Мынау өрік. Ө-рік кішкентай, домалақ.<br>**Тілдік жаттығу. «Қандай?»**<br>Өрік өсті, Өрік пісті. Өрік өте дәмді,<br>Өрік жеміс. Өрік сары.Мынау жүзім. Жү-ү-ү-зім.<br>Ү-ү-ү- жүзі жеміс, дәмді.<br>«Ажырат» көкөністер мен жемістерді себеттерге салу.<br>Үлкенін, кішісін бөлек салу.<br>**Сергіту сәті:**<br>Бір, екі, үш, бір, екі, үш,<br>Бойға жинап күш.<br>Жаттығу жасап алайық,<br>Бір дем алып қалайық.<br>**«Алма»** тақпағынмнемокесте арқылы қайталу.<br>Алма, алма,көп алма,<br>Қызыл, жасыл, көк алма<br>Теріп , теріп алайық,<br>Қалтамызға салайық. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Айтқанды істе»д/ ойыны<br>Шарты: балалар педагогтың нұсқауларын орындайды. Қызыл үлкен алманы ал.Сашаға үлкен алмұртты бер, қиярды әкел, қызанақты бер. Дәптермен жұмыс істеу. Бекітуге арналған сұрақтар:<br>Қандай сөз үйрендің?Алма қандай? Қияр қандай?, қауын |

**Тексерілді : 28.09.2022 ж** Әдіскер Методист Дай—

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы қазан айы**

| ҰҚ | **Қазақ тілі 03.10.2022ж.** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** Жаңа сөздер үйрету; жемістер мен көкөністер қандай? сұрағына дұрыс жауап беруды үйрету қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Билингвальдік компонент**; Алма- яблоко, груша - алмұрт, вишня - шие, абрикос - өрік, виноград - жүзім, картоп,қызанақ, қырыққабат, қияр, қауын – жемістер, қандай, үлкен – кішкентай, қандай- какой? т.б. |
| **Көрнекіліктер** | муляждар, бау-бақшаның суреттері, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері, түрлі-түсті қарындаштар. |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Сәлемдесу:<br>Сәнденіп, демеламыз, Сәулетті қаламыз. Сәулемен құлпырды, Сәлем күн – Анамыз! |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Картоп, қызанақ, қырыққабат, қияр, қауын қайда өседі. Тақтада «Бау-бақша» суретінде жемістердің қайда өсіп тұрғанына көңілдерін аударады. Алма, алмұрт, өрік, алхор т.б. –жемістер. Же-міс.<br>Апорт деген алма бар,<br>Алматы оның Отаны.<br>Ондай алма қайда бар,<br>Жерді жарған атағы.<br>Ыдыстағы жеміс-жидектермен таныстырады.<br>Жемістер қандай?<br>Мынау алмұрт. Ал-мұрт. Алмұрт қандай?<br>Ұ-ұ-ұ-ұл-ұрт. Алмұрт-жеміс.<br>Алмұрт сары, дәмді. Мынау шие. Шие жеміс. Шие<br>дәмді, қышқыл, қызыл. Алмұрт үлкен, шие<br>кішкентай. Мынау өрік. Ө-рік кішкентай, домалақ.<br>**Тілдік жаттығу. «Қандай?»**<br>Өрік өсті, Өрік пісті. Өрік өте дәмді,<br>Өрік жеміс. Өрік сары.Мынау жүзім. Жү-ү-ү-зім.<br>Ү-ү-ү- жүзі жеміс, дәмді.<br>«Ажырат» көкөністер мен жемістерді себеттерге салу.<br>Үлкенін, кішісін бөлек салу.<br>**Сергіту сәті:**<br>Бір, екі, үш, бір, екі, үш,<br>Бойға жинап күш.<br>Жаттығу жасап алайық,<br>Бір дем алып қалайық.<br>**«Көкөніс»** тақпағын қайталу.<br>Өрік, алма, шие, алша,<br>Жидек, жүзім піседі.<br>Қауын, қарбыз, қияр, сәбіз,<br>Дүкендерге түседі.<br>Астық пісіп, орақ түсіп,<br>Қырман дәнге толады. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Сөзді аяқта» ойыны**<br>Огурцы – қияр, Фрукт – жеміс, Мороз – аяз, Земля – топырақ,<br>А граната - ... А овощ - ... А лук – ... А луг - ... А капуста - ...<br>Жираф – керік, Кобыла – бие, Один – жалғыз, Усы – мұрт,<br>А абрикос - ... А вишня - ... А арбуз - ... А груша - ...<br>- ... |

**Тексерілді : 3.10.2022 ж** Әдіскер методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы      қазан айы**

| ҰҚ | Қазақ тілі    05.10.2022ж. | |
|---|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** «Тазалық денсаулықтың кепілі» Тазалық туралы балалардың білімдерін одан әрі жетілдіру. Сөздік қорларын байыту. Жаңа сөздер үйрету.<br>**Сөздер:**бас, шаш, көз, құлақ, ауыз, тіс, қол, аяқ, саусақ, тазалық, орамал, сүлгі, тарақ, тара, түйме, ұзын, қысқа, тазалау<br>**Сөз тіркесі:**Шашымды тараймын, тарақпен тараймын, бетімді, қолымды жуамын, сүртемін, тазалық сақтаймын. | |
| **Көрнекіліктер** | 2 суреттері, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері, түрлі-түсті қарындаштар. | |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Сәлемдесу:<br>Сәнденіп, демеламыз,<br>Сәулетті қаламыз.<br>Сәулемен құлпырды,<br>Сәлем күн – Анамыз! | |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | **Тәрбиеші:** Балалар, адамдардың көңілді, әдемі жүруі неге байланысты?<br>**Балалар:** Денсаулыққа<br>**Тәрбиеші:** Әрине, дені сау адам бақытты адам. Дені сау болуы үшін өзін-өзі күтеді. Жазы, қысы шынығады. Егер сендер де тазалықты сақтап, денелеріңді шынықтырсаңдар, шипалы өсімдіктерді пайдалансаңдар салауатты өмір сүресіңдер.<br>**Тақпақтар:**<br>Ашытады көзіңді,<br>Сабындаған кезіңде<br>Бола білсең төзімді<br>Тап-таза етер өзіңді<br>**Сергіту сәті**: 2 рет жасау.<br>Бір,екі,үш,<br>Күштіміз біз,<br>Бір,екі,үш,<br>Алға тартып күш.<br>Жүземіз біз,<br>Ойнаймыз да, күлеміз<br>Біз осындай күшті боламыз.<br>Балалар, сонымен бірге адам күшті,дені сау болу үшін қандай тағамдар ішу керек. Дұрыс айтасыңдар дәрумендері көп тағамдар ішу керек. Ондай тағамдарға нелер  жатады?<br>Жеміс- жидектер, көкөністер,сүт, айран, ет тағамдары, қымыз, шұбат.Бұл тағамдарды ішсек, біздің бойымыз өседі,күшіміз көбейеді және ақылды боламыз.<br>**Ойын: «Не жоқ?»**    тазалыққа қажетті заттарды жасыру. | **Жұмбақ жасыру.**<br>Дымқылдап күнде сен<br>Қолыңды сүйкесең<br>Кетіп кір, ласың<br>Тап-таза боласың.<br>Бұл не? (сабын)<br>Шомылған баланы<br>Аймалап алады<br>Сүртеді қолын да<br>Сүртеді жонын да<br>Бұл не? (сүлгі)<br>Басы  жоқ, сөзі жоқ<br>Бірақ та тісі бар<br>Басыңмен ісі<br>бар<br>Бұл не? (тарақ)<br><br>**Хормен:** Тазалықтың досы<br>Сабын деген осы<br>**Гауһар:** Сылдырлайды мөлдір су<br>Мөлдір суға қолыңды жу<br>**Хормен:** Тазалықтың досы<br>Су деген осы |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Ойын: «Менің досым»** пайдалы тағамдар туралы жасыру<br>Сабақты қорыту.   Балалармен сабақта не туралы айтқанымызды қайталау. | |

**Тексерілді : 5.10.2022 ж**   Әдіскер методисі

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы      қазан айы**

| ҰҚ | Қазақ тілі    10.10.2022 | |
|---|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** Балалардың отбасы туралы білімдерін одан әрі арттыру. Отбасын сыйлауға, құрметтеуге, ата-аналардың еңбектерін бағалауға тәрбиелеу. Артикуляциялық дыбыстарды анық айтуын жаттықтыру.Қазақ тіліне тән дыбыстарды(ә,ө,ң,қ,ү,ұ,)дұрыс айтуға машықтандыру.<br>**Сөздер:** отбасы, туыс, аға, іні, қарындас, сіңілі, бақытты, балалық, дәстүр, қария, жәрдем, тату, қыдыру, демалу.<br>**Сөз тіркесі:** Туысым көп, бақытты бала, балалық шақ, тату отбасы, бірге қыдырамыз<br>**Билигвальді компонент:** Отбасы-семья, ана –мама,әке – папа, іні – братишка, аға – брат, қарындас – сестренка | |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттері, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері | |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Қайырлы күн балалар!<br>Күніміз сәтті болсын | |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | -Балалар, сендерді аналарын еркелетіп,қандай жылы сөздер айтады.<br>**«Бір үйде біз нешеуміз?» д/ ойыны**.<br>Саусақ ойыны:<br>Бір үйде біз нешеуміз<br>Кел, санайық екеуміз<br>Бас бармағым атам,<br>Балан үйрек әжем<br>Ортан түрек әкем<br>Шылдыр шүмек анам<br>Кішкене бөбек мен<br>Бір үйде біз нешеуміз<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**Сергіту сәтті.**<br>Әкем менің қайратты,<br>Анам менің ақылды.<br>Ұл мен қызы жарасқан,<br>Татумыз біз осындай.<br>**Тақпақ жаттайық**<br>Атамнан басталар,<br>Әжемнен қосталар<br>Отбасым мыналар:<br>Ең жақын адамдар<br>- Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар.<br>Бәрін жақсы көремін,<br>Еркелеймін,еремін! | **Дыбыстық жаттығулар:**<br>А-А-А-АНА<br>Ә-Ә-Ә-ӘКЕ<br>Е-Е-Е-ӘЖЕ<br>СЫ-СЫ-СЫ- ОТБАСЫ<br>ТА-ТА-ТА-АТА<br>ән-ән-ән    Қамба толы дән.<br>Әжем айтқан ән.<br>Құрып жүргін сән.<br>ер-ер-ер    Қасиетті жер.<br>Төгілді көп тер.<br>Жемістерді тер.<br>Қайталайды. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | .№4үлестірмелі материалдармен жұмыс.<br>« Суреттер сөйлейді» сөздік ойны.<br>Тақтада ілінген суреттегі бейнелерді атау,бірге қайталау.<br>Жапсырмаларды жапсыртқызу. | |

**Тексерілді : 10.10.2022 ж**  Әдіскер методисі Дай—

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы      қазан айы**

<table>
<tr><td>ҰҚ</td><td colspan="2">Қазақ тілі    12.10.2022ж.</td></tr>
<tr><td>Міндеті</td><td colspan="2">Міндеті: : Балаларға адамның дене  мүшелерінің қазақша аталуын үйрету. Ауыз – екі  байланыстырып сөйлеулерін  жетілдіру. Екі, үш сөзден құралған сөйлеммен сөйлеуге жаттықтыру. Қазақ  тіліне тән дыбыстарды  дұрыс айтуға баулу.  Ойын арқылы қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықтарын  арттыру. Сөздік қорларын байыту.Тазалыққа  тәрбиелеу.<br>Көрнекіліктері: Күз мезгілі, дене мүшелері туралы слайд,<br>Билигвальді компонент: дене  мүшелері - части  тела, адамдар – люди – пипл, бас-голова, шаш – волосы, көз – глаза, мұрын – нос, құлақ, ауыз- рот, тіс – зубs,  тіл -язык,мойын-шея, арқа – спина,  іш – живот, қол-руки, аяқ-ноги,  саусақтар - пальчики,  табан  - стопа</td></tr>
<tr><td>Көрнекіліктер</td><td colspan="2">Тақырыптық суреттері, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері</td></tr>
<tr><td>Мотивациялық-қозғаушылық</td><td colspan="2">Армысың  алтын күн, Армысың, жан досым. Жылуыңа жылу қос, Міне, менің қолым.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік</td><td>- Мұғалімнің сұрақтары:<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>Күз айларын атаңдаршы?<br>Қазір күздің қай айы?<br>Күз белгілерін айтыңдаршы?<br>Есік қағылып, қонаққа Әтеш келеді.<br>Әтеш балалармен амандасады.<br>Мұғалім: бұл не?- балалар,   – деп сұрайды.<br>Әтеш: Балалар мен мектепте оқымағанмын. Мына суретті тауып алдым(адамдардың суреті). Бұлар маған  тары, жем береді. Асырап, күтеді. Мен сияқты жүреді. Оларда менде жоқ дене мүшелері бар.Соларды білгім келеді.<br>Мұғалім: отыр, Әтеш балалар саған адам және адамның дене мүшелері туралы айтып береді.<br>Слайд бойынша жұмыс. Адамның дене мүшелері<br>Мнемокесте бойынша тақпақ<br>Іш ауырса, тіс ауырса,<br>Маған дәрі береді.<br>Барлық ана, барлық бала,<br>Оны жақсы көреді.<br>Бұл кім? Дәрігер.<br>«Қол не үшін керек?» Слайд<br>Тыныс алу жаттығуы<br>«Ақылды мұрын»<br>Ойын: «Аяқ не үшін керек?» Слайд<br>Ойын: «Сөзді аяқта»<br>Голова – бас            Пальцы – саусақ<br>А волосы – шаш      А колобок – бауырсақ<br>Соль  - тұз          Язык  -тіл          Ноги – аяқ          Дятел- тоқылдақ<br>А лед – мұз         А слон – Піл      А палка – таяқ     Ухо – құлақ<br>Зуб  – тіс         Ступня -табан              Ладон - алақан              А живот  - іш    А цепленок-балапан       А хлеб - нан<br>Әтеш : Рахмет, балалар. Сендерден көп нәрсені білдім. Енді үйге қайтайын. Іздеп жатқан шығар, - деп шығып кетеді.!</td><td>Сергіту сәті:<br>Мынау құлақ, міне, міне<br>Мынау көз, міне, міне<br>Мынау арқа, мынау іш<br>Мынау қол Хлоп – хлоп<br>Мынау аяқ топ – топ<br>Енді міне шаршадым.<br>Маңдайымды сүртемін.<br>Ойын: «Бар - жоқ»<br>Мұғалім: Әтеште қол бар ма?<br>Не бар?<br>Әтеште бас бар ма?<br>Әтеште  шаш бар ма?<br>Әтеште шаштың орнына не бар?<br>Әтеште ауыз бар ма?<br>Әтеште не бар?<br>Тағы не бар?<br>Әтеште мойын бар ма?<br>Әтеште тіс бар ма?<br>Тіл бар ма?<br>  <br>  <br> <br>Ол  кім?   Ол   <br>Құлақ бар ма?</td></tr>
<tr><td>Рефлексивті түзетушілік</td><td colspan="2">Мұғалім: Балалар сабақ сендерге ұнады ма?<br>Бізге қонаққа  қандай құс келді?<br>Сабақ аяқталды. Сау болыңыздар.</td></tr>
</table>

**Тексерілді : 12.10.2022 ж**   Әдіскер методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы      қазан айы**

| ҰҚ | **Қазақ тілі**    17.10.2022**ж.** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Өздері тұратын     қалалары, көшелері туралы түсінік беру.Қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту үшін ойын жаттығуларын қолдану.Балалардың сөздік қорын кеңейту және байыту. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру<br>**Билигвальді компонент:  қала – город, көше – улица, таза- чистый, жақсы көремін - люблю** |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттері, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Армысың, қайырымды Аспан ата!<br>— Армысың, мейірімді Жер – ана!<br>— Армысың, шұғылалы Алтын күнім!<br>— Армысың, тәуелсіз елім менің! |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Тақтадағы суреттермен әңгіме өткізу. «Суреттер сөйлейді»д-ойыны.<br>*-Күз мезгілі. Ағаш жапырақтары сарғайған. Мынау-алма.Күзде жемістер көп болады. Күзде жаңбыр жиі жауады.*<br>(Жеке сөздерді бірге қайталайды).<br>**Дыбыстық жаттығуларды өткізу.**<br>ҮЗ-ҮЗ-ҮЗ-КҮЗ.<br>АҚ-АҚ-АҚ-ЖАПЫРАҚ.<br>АҢ-АҢ-АҢ-ЖАҢБЫР.<br>-Балалар біз тұратын мемлекетте қалай аталады?<br>-Біз қаламыз, тұратын көшеміз қалай аталады?<br>«Сұрақ - жауап» ойыны<br>Менің көшем : М.Ауезов, А.Батыр, С.Сейфулин, Матросов, Майкутов. Кошанбаев т.б. тұрамын.<br>**Сергіту сәті:**<br>Қоян, қоян секеңдейсің, (балалар қоян болып секіреді).<br>Мұздан қарғып өтем дейсің (Аяқтарын алға қарай адымдап басады)<br>Тайып, құлап түстің, (Қол қимылымен көрсетіп сұрайды).<br>Не болды ал, үстің? (Екі қолын алдына созып, көрсетеді)<br>қай баланың қолынан ұстап қалса,сол бала аудармашы болады**.**<br>**Ойын: «Картадан тап»**<br>Шарты: Картада Қазақстанның қалаларының атаулары азылған. Сол атауларға тиісті  байлықтарын желімдеп ілу. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **«Қолшатыр» ойыны.**<br>**Шарты:** «жаңбыр»деген сөзден кейін оқытушы алақанын төмен қаратып ұстайды,ал балалар сұқ саусақтарын сол алақанның ішіне тигізіп тұрады.Педагог үшке дейін санап,алақанын жұмады,осы кезде баралар қолдаын жылдам алып тастауға тырысады.Педагог |

**Тексерілді : 17.10.2022 ж** Әдіскер методист Дай—

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы   қазан айы**

| ҰҚ | **Қазақ тілі  19.10.2022ж.** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Көліктер туралы білімдерін жетілдіру.Қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту үш ін ойын жаттығуларын қолдану.Балалардың сөздік қорын кеңейту және байыту. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сөздер:**Көлік: жеңіл машина, жүк машинасы, пойыз, метро, автобус<br>әуе көлігі: ұшақ, тікұшақ, зымыран  су көлігі: қайық, кеме жүргізуші, жол белгілері, бағдаршам<br>**Сөз тіркесі:** Жүргізеді, зымырайды, ұшады, тасымалдайды, жүк тасиды. Көрнекіліктері: ойыншықтар, суреттер, үлестірмелі материалдар, қоржын, жұмыс дәптер.<br>**Билингвальды компонент:** көлік – транспорт, ойыншық – игрушка, таза – чистый, сындырмаймын – не буду ломать |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Барлық елдің бөбегі, Бір-бірімен туысқан. Бәрімізге төгеді,<br>Өз шуағын күміс таң! Қайырлы таң, балалар! |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | **Дыбыстық жаттығулар:**<br>Тауықтар жүр қыт-қыт, Жыландар жүр ыс-ыс-ыс<br>Боран қалай ұйытқиды у - у - у - у - у - у – у.<br>Күртік қар қалай сықырлайды. Қырт - қырт, қырт - қырт.<br>Қасқыр қалай ырылдайды р(- р - р - р - р - р ). Аю қалай ақырады. О - о - о - о - о - о - о<br>Тиін жаңғақты қалай шағады. Шық - қық, шы - қық, шы - ық<br>Балалар қолы тоңғанда ай - ай - ай – ай ой - ой - ой - ой - ой дейді.<br>**«Ғажап қоржын»д-ойыны.**<br>Қоржыны бар қуыршақ Айжан келеді<br>-Айжан, қолыңдағы не?<br>-Қоржын. Онда не бар?<br>-Ойыншықтар Айжан қоржынның екінші басындағы ойыншықтармен таныстырады:<br>-Мынау-көлік.кө - лік Мынау –көліктер.Мынау қандай көлік?<br>Мынау менің сүйікті көлігім Мынау қандай көлік ?<br>Бұл ұшақ. Ол аспанда ұшады. Тағы аспанда ұшатын көліктерді білесіңдер?<br>Тікұшақ, Зымыран т.б. Мынау қандай көлік ? Бұл Кеме. Суда жүзеді.<br>Тағы да қайық, яхта да суда жүреді. Мынау қандай көлік?<br>Бұл автобус, жеңіл машина, Газельт.б. Тас жолмен жүреді.<br>Мынау қандай көлік? Бұл поезд, поезд темір жолмен жүреді<br>Айжан жарайсыңдар балалар, - деп қоштасып кетеді.<br>«Мен секілді қайтала» д/ойыны.<br>**Сергіту сәті:**<br>Бір, екі, үш Біз жинаймыз күш.<br>Отырымыз, тұрамыз Құс болып ұшамыз.<br>**Тақпақтар айту:**<br>Күшік, мысық, балапан,<br>Қуыршағым балақан.<br>Кәне, бәрің тұрыңдар,<br>Ойын сауық құрыңдар.<br>**Ойын «»Сөзді аяқта» Көліктер - Транспорты**<br>Часть – Бөлік     Озера – Көл     Стрела - Жебе<br>Транспорт – ...     Дорога - ..     А Корабль - ...<br>Рыба – Балық     Верталет - Тікұшақ     Пуговица - түйме<br>А лодка - ...     А Самолет - ...     А Карета - ... |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **«Топта қандай ойыншық бар?»** д/ойыны<br>Қ – К дыбыстарына кездесетін ойыншықтардың аттарын сұрау.<br>- Айжанның ойыншықтары қандай екен? ( Олардың сынбаған, таза екенін атап өтеді.) |

**Тексерілді : 19.10.2022 ж** Әдіскер Методист Дай—

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы қазан айы**

| ҰҚ | Қазақ тілі 22.10.2022ж. |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік ережелерін үйрету арқылы ұқыптылыққа, тәртіпті болуға тәрбиелеу. Қазақтілінтыңдаужәнетүсінубілуді жаттықтыру.<br>Қазақ тіліндегі сөздерді түсіну және анық айту,сөйлегенде қазақша сөздерді және сөз тіркестерін қолдануды жаттықтыру.<br>**Жаңа сөздер:**Бағдаршам, жол ережесі, көліктер, жүргізуші<br>қауіпті, қауіпсіз сіріңке, өрт, хабарласу, керек, өту.<br>**Билингвалды компонент:** көлік, жолақ, бағдаршам, «Сақ бол!», «Жүр!», «Тоқта» |
| **Көрнекіліктер** | Жол макеті, жол белгілері, бағдаршам үлгісі, жаяу жүргіншілер жолы, ойыншық машиналар, кітаптар, буклеттер, жол жүру ережесінің белгілері, видео - көрсетілім. |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Психологиялық дайындық:**<br>Біз әдепті баламыз,<br>Біз ерекше боламыз.<br>Қонақтарды көргенде,<br>Сәлеметсіздер ме?- деп<br>Амандасып аламыз. |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Балалар, ата - анамыз қайда барады?.<br>- Олар немен жүреді?<br>- Қандай көлік түрлерін білесіңдер?.<br>- Жер үстінде қандай көліктер жүреді?<br>- Жолда жүргенде жол жүру ережелерін сақтайсыңдар ма?<br>- ия.<br>- Олай болса мен сендерге **жұмбақ** жасырайын. Үш көзді батыр,<br>Жолды аңдып жатыр- Балалар бағдаршам не үшін керек?<br>- Қандай жол ережелерін білесіңдер?<br>- Осы ережелерді сақтау үшін біз бағдаршамға сүйенеміз. Олай болса кім бағдаршам туралы тақпақ айтып береді.<br>Тәрбиешінің қорытынды сөзі: Бағдаршам - біздің досымыз. Ол бізді жол апатынан құтқарады. Ол үшін біз жолда жүру ережелерін сақтауымыз қажет.<br>1 - бала: Жолдан өтерде тоқтап, жан жағыңа қарап ал.<br>2 - бала: Бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана өт.<br>3 - бала: Жолға жақын ойнама! Бұл өте қауіпті.<br>4 - бала: Жаяу жүргіншілерге арналған жолдардан ғана өт.<br>5 - бала: Көліктен түскен соң артқы жағынан өту керек.<br>6. Жолда жүргенде бағдаршамға мұқият қараңдар.<br>7. Ата-аналарыңсыз жолға шықпаңдар.<br>8. Жолда доп ойнамаңдар. Жол апаты айтып келмейді.<br>Жол тәртібін сақтаймыз,<br>**Ел үмітін ақтаймыз! - деп қорытындылау.**<br>Кел, балалар ойнаңдар<br>Бағдаршамға қараңдар.<br>Жанған кезде көздерім,<br>Ережені бұзбаңдар. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Ә. Табылдиевтің «Бағдаршам» өлеңін жаттау.**<br>Қызыл көзін ашқанда, аяғыңды баспа алға.<br>Сары көзін ашқанда, қарап қалма аспанға.<br>Жасыл көзін ашқанда, жүре бергін жасқанба Жарайсыңдар, балалар, жол ережесін біледі екенсіңдер. Сақ болыңдар! |

**Тексерілді : 22.10.2022 ж** Әдіскер методисі Дай—

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы қазан айы**

| ҰҚ | Қазақ тілі 27.10.2022ж. |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік ережелерін үйрету арқылы ұқыптылыққа, тәртіпті болуға тәрбиелеу. Қазақ тілін тыңдау және түсіну білуді жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздерді түсіну және анық айту,сөйлегенде қазақша сөздерді және сөз тіркестерін қолдануды жаттықтыру.<br>**Жаңа сөздер:**Бағдаршам, жол ережесі, көліктер, жүргізуші, қауіпті, қауіпсіз сіріңке, өрт, хабарласу, керек, өту.<br>**Билингвалды компонент**: көлік, жолақ, бағдаршам, «Сақ бол!», «Жүр!», «Тоқта» |
| **Көрнекіліктер** | Жол макеті, жол белгілері, бағдаршам үлгісі, жаяу жүргіншілер жолы, ойыншық машиналар, кітаптар, буклеттер, жол жүру ережесінің белгілері, видео - көрсетілім. |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Психологиялық дайындық:**<br>Біз әдепті баламыз,<br>Біз ерекше боламыз.<br>Қонақтарды көргенде,<br>Сәлеметсіздер ме?- деп<br>Амандасып аламыз. |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Балалар, ата - анамыз қайда барады?.<br>- Олар немен жүреді?<br>- Қандай көлік түрлерін білесіңдер?.<br>- Жер үстінде қандай көліктер жүреді?<br>- Жолда жүргенде жол жүру ережелерін сақтайсыңдар ма?<br>- ия.<br>- Олай болса мен сендерге **жұмбақ** жасырайын.<br>Үш көзді батыр,<br>Жолды аңдып жатыр- Балалар бағдаршам не үшін керек?<br>- Қандай жол ережелерін білесіңдер?<br>- Осы ережелерді сақтау үшін біз бағдаршамға сүйенеміз. Олай болса кім бағдаршам туралы тақпақ айтып береді.<br>Тәрбиешінің қорытынды сөзі: Бағдаршам - біздің досымыз. Ол бізді жол апатынан құтқарады. Ол үшін біз жолда жүру ережелерін сақтауымыз қажет.<br>1 - бала: Жолдан өтерде тоқтап, жан жағыңа қарап ал.<br>2 - бала: Бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана өт.<br>3 - бала: Жолға жақын ойнама! Бұл өте қауіпті.<br>4 - бала: Жаяу жүргіншілерге арналған жолдардан ғана өт.<br>5 - бала: Көліктен түскен соң артқы жағынан өту керек.<br>6. Жолда жүргенде бағдаршамға мұқият қараңдар.<br>7. Ата-аналарыңсыз жолға шықпаңдар.<br>8. Жолда доп ойнамаңдар. Жол апаты айтып келмейді.<br>Жол тәртібін сақтаймыз,<br>**Ел үмітін ақтаймыз! - деп қорытындылау.**<br>Үлкен біздің қаламыз<br>Есте сақтап аламыз.<br>Қызыл, жасыл, сары шам<br>Көшеде тұр |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Ә. Табылдиевтің «Бағдаршам» өлеңін жаттау.**<br>Қызыл көзін ашқанда, аяғыңды баспа алға.<br>Сары көзін ашқанда, қарап қалма аспанға.<br>Жасыл көзін ашқанда, жүре бергін жасқанба Жарайсыңдар, балалар, жол ережесін біледі екенсіңдер. Сақ болыңдар! |

**Тексерілді : 27.10.2022 ж** Әдіскер методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы қазан айы**

| ҰҚ | Қазақ тілі 31.10.2022ж. |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** ***«Ас атасы - нан»*** Жыл мезгілдерін және табиғаттың жеке құбылыстарын;күз мезгілінде пісетін және дайындалатын көкөністер мен жемістер, дәнді – дақылдар туралы түсініктерін молайту: Нанның қайдан пайда болатындығы туралы түсіндіру.Сөздіңдыбысталумәдениетін жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә,ө,ң,қ,ү,ұ,) дұрыс айтуға машықтандыру.<br>**Сөздер**: нан, тоқаш, бәліш, тәтті тоқаш<br>**Сөз тіркесі**:нан қиқымы, нанды баспа, жерге тастама, ас атасы-нан |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Балалар шаттық шеңберінде дөңгелене тұрып:<br>Алақанды ашайық,<br>Күннен жылу салайық.<br>Таза ауадан алайық,<br>Жүректен жылу салайық,<br>Осы алған жылуды бір-бірімізге сыйлайық |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | **Дыбыстық жаттығулар:**<br>ер-ер-ер Қасиетті жер.<br>Төгілді көп тер.<br>ән-ән-ән Қамба толы дән.<br>Дастарханда нан.<br>Балалар бүгін біз дастарханымызға нанның қалай келгені туралы әңгімелейміз.<br>Алдымен трактормен жерді жыртады, диқандар ол жерге бидайдың тұқымын тастайды. Бірнеше күндерден кейін дәндер өсе бастайды. Бидайдың сабақтары пайда болады, оны диқандар үнемі суарып отырады. Күзде астықты комбайндармен орады және үстерінен бастырады. Бидайды диірменге апарып тапсырады. Аппақ болып ұн дайындалады. Қап – қаптармен ұнды наубайханаға тасиды. Онда ұн иленіп, нан пісіріледі. Нан таситын көліктермен дайын нандарды дүкендерге әкеліне ді. Дүкенде нанның бірнеше түрлері: бөлке, тоқаш, батон, торттар, печениелер, бауырсақтар, бәліштер сатылымға шығарылады. Нан дастарқанға келгенше қаншама адам еңбек етеді. Мұның бәрі – адам еңбегі.<br>«Нанды қадірлейік» - Али мен Айя мультфильмінен үзінді.<br>Балалар көрдіңдер ме, кейбір балалар нанмен ойнайды. Нанды тойғанынша жеп, қалғанын лақтырып тастайды. Бұл дұрыс емес. Нанды қадірлеуіміз керек.<br>**Тиым сөздер үйрету.**<br>Нанды бір қолмен үзбе. Нанды төңкеріп тастама.<br>Нанды, дастарқанды баспа. Нанды аяққа баспа.<br>**Бойсергіту «Бидай»**<br>Жаңбыр жауды тамшылап,<br>Бидай өсті балбырап,<br>Оңға, солға шайқалып<br>Бой көтерді жайқалып.<br>**Нан қиқымын шашпаңдар**.Ө.Тұрманжанов<br>Нан қиқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**Ойын «Куырмаш»**<br>**Ойын «Сөзді аяқта»**<br>Число - Сан Доска - Тақтай Шерст - Жүн Корень – Тамыр<br>А Хлеб – ... А Пшеница - ... А Мука - ... А Тесто -...<br>Песня – Ән Палец – Саусақ Шапка – Телпек<br>А Зерно - ... А Колобок - ... А Лепешка -... (шелпек) |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Сабақты қорытындылау. Ақ батаны жаттау. Дастарқаннан дәм кетпесін, Көңіліңнен сән кетпесін |

**Тексерілді : 30.10.2022 ж** Әдіскер методист Дай–

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы      Қараша айы**

| ҰҚ | **Қазақ тілі  02.11.2022ж** | |
|---|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** Тура және кері санауды үйрету. Тілдерін жаттықтырып, сандарды ажырата білуге  үйрету. Сөдік қорларын байыту.<br>**Сөздер:** бір, екі, үш, төрт, бес...<br>**Сөз тіркесі:** бір аю, екі машина, үш қоян... | |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері | |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Амандасу үлкенге,<br>Тәрбиенің басы ғой.<br>Ал, кәнеки, бәріміз,<br>Сәлем бердік үлкенге.<br>сәлеметсіздер ме, балалар!<br>Сәлеметсіздер ме, балалар!<br>«Ғажап қоржын» д/ ойыны. | |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | **Жұмбақ жасыру:**<br>Ағайынды бәрі:<br>Шықса көк, түссе сары. (Жапырақ)<br>Балалар, мына қоржын ішінде неше ойыншық бар екен.<br>-Балалармен бірге санайды. 1,2,3,4,5.<br>-Қоржынның екінші басында не бар екен?. Екінші басын ашады.<br>-  Асық нешеу?<br>«Тапсырманы орында» д/ойыны.<br>Шарты: Педагог  сандарды көрсетеді. Мыс: 2 санын көрсетеді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Бір, екі, үш!<br>Жинап алып күш,<br>Үш, төрт, бес<br>Күнге қарап өс!<br>«Ханталапай» ұлттық ойыны.<br>Шарты: шашылған асықтарды жинау және сану.<br>**Санамай айтайық**<br>1 - дегенім – бесік,<br>Шықтым содан өсіп,<br>2 - дегенім - елім,<br>Далам, тауым, көгім,<br>3 - дегенім - үміт,<br>Үміт артар жігіт.<br>4 - дегенім - төзім,<br>Төзе білем өзім.<br>5 - дегенім - бақыт,<br>Бағалайтын уақыт.<br>Ойын: **«Нешеуі жоқ?», «Көршісін тап?» ойындарын ойнату**<br>Шарты: сандарды жасыру. | Бірге санайды.<br><br>Бем ойыншықты бір-бірлеп алады.<br>Түсін, көлемін айтып, санайды, санын айтады.<br>Балалар екі асық не бір қуыршақ санап алады.<br><br><br>Қимылды тақпақты қайталайды.<br><br><br>Асықтарды санайды.<br><br>Балалар ойындарды ойнайды.. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Сұрақтар: 1.Аю нешеу? 2.Қуыршақ нешеу?<br>Аюдың көршісі кім? тб. Суреттер бойынша жұмыс. | |

**Тексерілді : 2.11.2022 ж**

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы      Қараша айы**

| ҰҚ | Қазақ тілі  07.11.2022ж | |
|---|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Мамандық туралы балалардың білімін толықтыру. Мамандық түрлерімен таныстырып, әр мамандықтың өзіндік ерекшеліктерін түсіндіру. Еңбек сүйгіштікке баулу**.**<br>**Сөздер:**мұғалім, тігінші, аспаз, аспап, әзірлеу, еңбек, еңбекқор, ұшқыш, құрылысшы, құрал, аспап<br>**Сөз тіркесі:**Еңбекті  құрметтеу, еңбек етеді, жұмыс істейді, тамақ әзірлейді. | |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері | |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Шаттық шеңберіне тұрғызу.<br>Сәлемдесу:<br>Үлкенге де Сіз<br>Кішіге де Сіз<br>Құрметпенен сіздерге<br>Бас иеміз біз. (Бас иеді) | |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | **Жұмбақ жасыру:**<br>Балалармен мамандықтар туралы әңгімелесу:<br>-Балалар сендер мына күнделікті келіп жүрген,өздерің тұрып жатқан үйлерді салатын адамдар бар,ауырып қалсақ емдейтін адамдар бар, киімдерімізді тігіп беретін адамдар бар, бізге білім беретін адамдар бар, шашымызды әдемілеп қиып беретін және дәмдеп тамақ пісіретін адамдар бар.Бұл адамдардың барлығын бір сөзбен айтқанда **мамандық иелері** дейміз.<br>**Жұмбақ шешу**<br> -Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр,тыңдаймыз ба?<br>1.Тәп-тәтті тамағы, астардың маманы<br> 2.Кірпіштен сарай, үй салады, ол адам кім болады?<br>3.. Астында жүйрігі, қолында құрығы<br>4. Қалықтайды, бірақ ұшпайды<br>5. Қолында қайшы тарағы, тәртіпке шашты салады<br>6.Аспанға ол samғайды,   Ғарыштарды шарлайды.<br>   Болмаса егер ол кісі   Білмес едік осынау   Аспандағы мән-жайды.<br>**Дид/ойын «Сөйлеп тұрған кім?»**<br>Балалар біз қазір мына сөздерді естіп қандай мамандық иесі сөйлеп тұрғанын анықтайықшы:<br> 1)Балмұздақ сатамын!Балмұздақ!<br> 2)Жүріңіз қай жаққа апарып тастайын?<br> 3) Қай жеріңіз ауырып тұр?Қазір ыстығыңызды өлшейін.<br> 4)Шашыңызды қандай үлгіде қиып берейін?<br> 5)Бүгінгі сабақта біз балалар күзгі табиғат туралы әңгімелесеміз.<br> 6)Мен манты жасап жатырмын,қазір дайын болып қалады.<br>**Ойын: «Қай мамандық иесі?»**<br>- Тарағы бар қолында,<br>Кімді айттым ойымда? (шаштараз)<br>- Қалағы бар қолында, Кімді айттым ойымда? (Құрылысшы)<br>- Ожауы бар қолында,<br>Кімді айттым ойымда? (Аспаз)<br>**Тақпақтар айту:**<br>**Дәрігер:**<br>Мен дәрігер боламын          Үлкеннің де баланың       Қиналғанда қасына          Бірінші боп барамын<br> Дәптермен жұмыс. Жүргізілген тапсырманы түсіндір. | Балалардың жауабы.<br><br>(Аспаз)<br><br>(Құрылысшы)<br><br>(жылқышы)<br><br>(биші)<br><br>(шаштараз)<br><br>(Ғарышкер)<br>Балалар тыңдап қандай маман иесі екенін анықтайды:<br> -Сатушы<br> -Жүргізуші<br> -Дәрігер<br> -Шаштаразшы<br> -Мұғалім<br> -Аспаз-деп өз жауаптарын береді<br>Жырмен жаулап аламын **Ұшқыш:**<br>Ар- намысын сақтаған<br>Жүректе сыр сақтаған<br>Жан тәнімен жаттаған<br>Ұшқыш болғым келеді<br>**Мұғалім:**<br>Мен үлкейіп  толамын<br>Сонда  осы ауылдың<br> Бөбектерін оқытып<br>   Мұғалима боламын |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Сын тұрғысынан сұрақтар:**<br>1.Мамандық адамға керек пе? (иә) 2. Әр мамандықтың ерекшелігі бар ма? (иә) 3. Дәрігер балаларды оқытады? (жоқ, мұғалім оқытады?)<br>. Мұғалім адамдарды емдейді? (жоқ, дәрігер емдейді) | |

**Тексерілді : 7.11.2022 ж**  Әдіскер Дай- методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы      Қараша айы**

| ҰҚ | Қазақ тілі  09.11.2022ж | |
|---|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Балаларға ас атасы – нан екендігін, нанның адам өміріндегі ең маңызды ас екендігін, оның оңай жолмен келмейтіндігін айтып ұғындыру.<br>Нанның қалай дастарханға келетінін айтып оған көптеген адамдар еңбек еткендігін түсіндіру.<br>Дүниетанымын, ой- өрісін, еңбекқорлығын, адамгершілігін ояту және дамыту.<br>Нанды қастерлеуге, ысырап етпеуге, адам еңбегін бағалай білуге, еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**Бмлигвальді компонент:**Азық – түлік – продукты, нан – хлеб, сүт- молоко, май – масло | |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері | |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Шаттық шеңберіне тұрғызу.<br>Сәлемдесу:<br>Үлкенге де Сіз<br>Кішіге де Сіз<br>Құрметпенен сіздерге<br>Бас иеміз біз. (Бас иеді) | |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Болсын қасиетті нанымыз-слайд.Ұн тағамдары<br>Ал енді осы аты аталған тағамдардың ішінде, қай тағам ең қасиетті, киелі деп аталатын тағам? Қазақ халқының басты асы нан, нансыз өмір жоқ, сондықтан дастарханға алдымен нан қойылады.<br>**-Дыбыстық жаттығулар:**<br>ер-ер-ер   Қасиетті жер.<br>Төгілді көп тер.<br>ән-ән-ән   Қамба толы дән.<br>АН-Ан-Ан- дастарханда нан<br>ДІ-Ді-ДІ –дәмді нан<br>ХА-ХАН-ХАН- дастарханда нан<br>Мұғалім: Нан туралы қандай тыйым сөздер білесіндер?<br>Мұғалім: -Неге нанды киелі деп атайды?<br>Мұғалім: - енді нан туралы өлең тыңдайық.<br>**Сергіту сәті:**<br>Жайқалады ақ бидай,<br>Басын иіп аққудай.<br>Трактор мен комбайн,<br>Жүргізуге мен дайын.<br>**Сөзді аяқта**<br>Мальчик- бала   Пища- ас   Хлеб – нан<br>Город- қала   Голова- бас   Цфра - сан<br>Камень – тас   Она- ол   Вода  - су<br>Слезы- жас   Рука  - қол   А Флаг – ту<br>Дедушка- ата   Молоко  -сүт<br>Блогославение- бата   Жди – күт | **Тақпақ**<br>Нан - ардақты адал ас<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас<br><br>**Мақал жаттайық**<br>Ас адамның арқауы.<br>Таңғы асты тастама.<br>Арпа, бидай ас екен,<br>Алтын, күміс тас екен.<br>Дәнді шашпа, нанды баспа.<br>Ас атасы  - нан |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Д/о: «Кім не істейді?»**<br>Дастарқандағы азық –түліктің атарын атау. Сурет бойынша дастарқанға тағам қою.<br>1. Ақ батаны жаттау.<br>Дастарқаннан дәм кетпесін,<br>Көңіліңнен сән кетпесін. | |

**Тексерілді : 9.11.2022 ж**   Әдіскер методисі Дай—

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы Қараша айы**

| ҰҚ | **Қазақ тілі 14.11.2022ж** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** Спорттық ойындарға баулу арқылы, балалардың ептілігін, жылдамдылығын дамытып, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Жыл мезгілдерін және табиғаттың жеке құбылыстарын; заттардың көлемімен түсі бойынша белгілерін;заттармен әрекетін атауға үйрету.Сөздің дыбысталу мәдениетін жетілдіру.<br>**Сөздер:** доп, ойын, жүгіру, секіру, хаккей, футбол, шаңғы, коньки т.б.<br>**Сөз тіркесі:** коньки тебемін, доп ойнаймын, футбол алаңы, |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Балалар, бүгінгі сабағымызды жақсы көңіл – күймен өткізейік. Олай болса, бір – бірімізге жақсы лебіздер айтып сабағымызды бастайық.<br>(ойыншық жүректі бір - біріне ұсынып, лебіздерін айтады)<br>- Намысты бол, жігерлі бол, әділ бол, сезімтал бол, жаңашыл бол, салмақты бол, турашыл бол, шешен бол, өнерлі бол, адал бол, күшті бол, мейірімді бол, ақылды бол, қайратты бол, сыпайы бол, көңілді бол, білімді бол. |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | - II. Негізгі бөлім.<br>- Балалар бүгін аптаның қай күні?<br>- Сабағымыздың тақырыбы «Спорт және біз».<br>Балалар, біз күнделікті таңертеңгілік ұйқыдан тұрғаннан соң не жасаймыз? (ертеңгілік жаттығу) Таңертеңгілік жаттығу, спортпен шұғылдану, денемізді шынықтыру арқылы біз денсаулығымызды, дене бітімімізді шынықтырамыз. Денсаулықтың қадірін, әдетте, адам ауырғанда ғана біледі. Денсаулықтың мықты болуы адамның өзіне де байланысты. Адамдар әрқашан қимыл қозғалыста жүрсе біздің ағзамыздағы қан жүрісі де қозғалыста болып, жұмысы жақсарады. Ауруға қарсы тұра алатын боламыз. Денсаулығымызды сақтау үшін зиянды әдеттерден аулақ болуымыз қажет. Адам денсаулығына жақын достар не деп ойлайсыңдар?<br>(тазалық, спорт, таза ауа, дұрыс тамақтану, күн тәртібі.)<br>Мақал мәтелдер.<br>1. Бірінші байлық — денсаулық, Екінші байлық — он саулық, Үшінші байлық — ақ жаулық.<br>2. Денсаулық — зор байлық.<br>3. Дені саудың – жаны сау<br>**Жұмбақ**<br>Таппайтын тағат,<br>Тығулы сағат (жүрек)<br>- Тазалық — денсаулық негізі, денсаулық — байлық негізі.<br>Адамның ең маңызды мүшесі ол – жүрек. Жүрек сол жақ көкірек қуысында орналасқан. Жүрек қан айналымын реттейтін мүше. Жүрек ауырмауы үшін спортпен айналысу қажет. Дене шынықтыру, спортпен шұғылдану, шаңғымен, конькимен сырғанау, суға түсу, таза ауада қыдыру қажет.<br>(Тақтаға спорт түрлерінің суреті ілінеді)<br>- Балалар мына суретте спорттың қандай түрлерін көріп тұрсыздар?<br>- Спортпен, гимнастикамен шұғылданбаса, жиі қозғалмаса, бұлшықеттер серпінділігін жоғалтады. Әлсірегенше жұмыс істеуге, жүгіруге болмайды, бұлай ету жүректі әлсіретіп алады.<br>Сендердің жүректерің өз жұдырығыңның көлеміндей. Адамда жүрек біреу ғана, оны сақтау қажет.<br>**Сергіту сәті.**<br>Шынықтырып денені «Қара жорға» билейік<br>Т ақпақ<br>1. Денсаулық ол - күлуің<br>Көңіл – күйің жадырай,<br>Денсаулық ол – жүруің,<br>Ешбір жерің ауырмай.<br>Аламыз сосын тыныс жай |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **III. Қорытынды.**<br>- Спортпен айналысу , денені шынықтыру дегеніміз не? Ол не үшін қажет?<br>- Шынықтырудың қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Адамдар не үшін таңертеңгілік жаттығуды жасайды?<br>• Дене шынықтыру сабағы бала денсаулығының негізі болып табылады.<br>• Жүрек үнемі демалыссыз жұмыс істеп тұрады.<br>• Спортпен шұғылдану бұлшықеттерді дамытып, жақсы жиырылуына көмектеседі- Балалар өз жүрегіміздің суретін қағаз бетіне түсіріп көрейікші. |

**Тексерілді : 14.11.2022 ж** Әдіскер Дай– методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы Қараша айы**

| ҰҚ | Қазақ тілі 16.11.2022 |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Балаларға келіп жеткен жаңа жыл туралы мәлімет беру. Жаңа жыл әр бала үшін қуанышты мереке, мереке қарсаңында балаларға бірінші жартыжылдық тақырыптар барысында өткен барлық тақырыптардағы сөздері қайталату. Жаңа жылдан не күтетенідерін сұрау.Сыйлық туралы шағын әңгіме айтып беру.<br>**Сөздер: Аяз Ата, Ақшақар, шырша, сыйлық.** |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Достар, бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Балалармен оларжаң жыл туралы әңгімелесу<br>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелесеміз.<br>Өткен тақырыпты қайталау үшін **«Ғажайып сәт» о**йын ойнауға шақырамын. Қима қағаздағы түстерді тауып, олардың түрлері атау.<br>**Жаңа сөздермен таныстыру.** Сиқырлы қалам постеріменжұмыс. Балалармен бірге суреттер арқылы сөздерден сөйлем құрау.<br>Қыста Жаңа жыл мерекесі болады. Бұл мерекеніотбасымызбен, достарымызбен бірге тойлаймыз.<br>–Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген.<br>–Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар?<br>–Суретте Аязата, Ақшақар және балалар бейнеленген.<br>–Мынау – сыйлықтар.<br>–Ақшақар балаларға сыйлық таратып жатыр.<br>–Ақшақар балаларға не таратып жатыр?<br>–Ақшақар балаларға сыйлық таратып жатыр.<br>–Мынау – Аязата.<br>–Мынау кім?<br>–Мынау – Аязата.<br>–Аязата балалардың тақпақтарын тыңдап отыр.<br>–Аязата не істеп отыр?<br>–Аязата балалардың тақпақтарын тыңдап отыр.<br>–Балалар көңілді. Мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойынойнайды.<br>–Балалардың көңіл күйлері қандай?<br>–Балалар көңілді. Мерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойынойнайды.<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Қ-қ-қ-қ -Ақ-қ-ша-қ-қар- Ақшақар<br>Қ-қ-қ-қ- сый-лық-қ- сыйлық.<br>Педагог шағын мәтін құрап айтады. Қыста Жаңа жыл мерекесі болады. Мерекеге Аязата мен Ақшақар келеді. Аязата мен Ақшақар балаларға сыйлықтар әкеледі. Балалармерекеде ән айтып, тақпақ оқиды, ойын ойнайды.<br>**Сергіту сәті:** Педагог ортаға шыршаны қойып, балаларшыршаны айнала ән айтады.<br>**«Жаңа жыл» әні.**<br>Жаңа жыл, жаңа жыл!<br>Жаңа жылда жаңа жыр.<br>Жасыл шырша жанында<br>Жадырап бар бала жүр. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Ойын** «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды. |

**Тексерілді : 16.11.2022 ж** Әдіскер Дай– методисі

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы      Қараша айы**

| ҰҚ | Қазақ тілі  21.11.2022ж |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Қыс мезгіліндегі табиғаттың өзгеруі; қар туралы білімдерін одан әрі арттыру.Сөздің дыбысталумәдениетін жетілдіру. Артикуляциялық дыбыстарды анық айтуын жаттықтыру.Қазақ тіліне тән дыбыстарды(ә,ө,ң,қ,ү,ұ,)дұрысайтуға машықтандыру.<br>**Жаңа сөздер**  Қаңтар, ақпан, желтоқсан, қыс, қар, аяз, мұз, боран,<br>**Сөз тіркестер:** қар жұмсақ, қар сулы, қар аппақ, қар жауады |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Сәлеметсіңдер ме,балалар!<br>Біз бақытты баламыз<br>Отан біздің анамыз,<br>Әлпештеген,өсірген,<br>Өмір нәрін аламыз,<br>Оның жұпар-төсінен<br>Біздің Отан-... |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Компьютер арқылы «Аққала»ойыны көрсетіледі<br>-Балалар, аққаланы қашан жасаймыз?<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Далада не бар?<br>Өткен жылғы сөздерді естерін түсіруге көмектеседі.<br>Балалардың көңілін тақтадағы мазмұнды суретке аударады.<br>-Мынау қар?<br>Қар не үшін керек?<br>Мынау шырша, шырша, шыр-ша, шырша. Мынау не? Шыршаны қар басып тұр.----Шырша қандай?<br>-Қар қадай? Суреттегі балалар іс әрекеіне аудару.Сұрақ қоя отырып, жаңа сөздермен таныстыру.<br>-Балалар не істеп жүр? Сырғанақ.Сыр-ға-нақ. Нақ-нақ-мынау сырғанақ Немен сырғанап жүр? Шаңғы, шаң-ғы.<br>Ң-ң-аң-аң-шаң-шаңғы. Мынау не? Қыста аяз болады. Аяз<br>**Сергіту сәті.**<br>Ұзын құлақ сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдыды.<br>Ойлы, қырлы жерлермен,<br>Ытқып-ытқып жүгірді.<br>«Жалғастыр» Д-ойыны.<br>**Жұмбақтар**<br>Қыста ғана болады Ұстасаң қолың тоңады. (Қар)<br>Қыста мұз Көктемде  су   (Мұз)<br>Қолы жоқ, сурет салады, Тісі жоқ, тістеп алады. (Аяз)<br>Қанаты жоқ, ұшады, Аяғы жоқ, жетеді. Аузы жоқ,ұлиды.  (Боран)<br>Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы Қыста қардан туатын, Тауып көрші, сен оны. *(Аққала)*<br>Ойын барысында жаңа және өткен тақырыптар бойынша үйренген сөздерді қолданады.Мысалы: аққала, сырғанақ, шаңғы т.б. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Дәптермен  жұмыс  ұйымдастыру.<br>Сұрақтар:<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыс қандай? Қар қандай?<br>Қандай сөз білесің? |

**Тексерілді : 21.11.2022 ж**  Әдіскер методисі Дай—

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы Қараша айы**

| ҰҚ | Қазақ тілі 23.11.2022ж |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** «Қардың пайдасы мен зияны» қыс мезгілі білімдерін байытып, тіл мәдениеттерін жетілдіру. Мемлекеттік тілді меңгеруге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Билингвалды компонент: Қыс –зима қар –снег<br>**Жаңа сөздер** Қаңтар, ақпан, желтоқсан, қыс, қар, аяз, мұз, боран,<br>**Сөз тіркестер:** қар жұмсақ, қар сулы, қар аппақ, қар жауады |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Шаттық шеңбері: Мейірімділік жүрекпен, Ақ пейілді тілекпен, Бір жадырап қалайық,<br>Амандасып алайық |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Аппақ қыстың бояуы, Аппақ қыстың бораны. Ақ көрпеге орайды, Ақ қар байтақ даланы - осы өлеңде не туралы айтылған<br>Тәрбиеші: -Бүгін ауа-райы қалай болып тұр? -Қыс мезгілінің белгілерін білесіңдер ме?<br>Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар. Мынау қар. Қардың түсі аппақ ұлпа сияқты. Қар жапалақтап жауады екен. Қар жауғанда жердің бәрі аппақ болады. Күн жылынғанда қарлар ериді. Еріген қарлар мұз болып қатады. Міне мынау мұз, мұзда түс болмайды. Қар жұмсақ, мұз қатты болады. Балалар өздерін ұстап көріңдерші. Балаларға жеке-жеке ұстап көрсету.<br>Балалар қыс мезгілі туралы тақпақтарын айтайық<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды,<br>Бала біткен қуанды.<br>Тәрбиеші: - Қар қандай болады? Тәрбиеші: - Қар неге ұқсайды ? (ақ мақтаны алып алақандарына салып үрлейді). Балалаар: - Жұлдызшаға, әдемі өрнекке, шырша ойыншығына ұқсайды.<br>Жұмбақ жасыру<br>Аяз қысып, Өрнек сызып. Терезені торлайды, Қарға омбығып, Бет домбығып. Балдырғандар ойнайды. Бөбектерім, айтыңдаршы. Бұл қай кезде болады?<br>Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тонады.<br>Балалар: "Қар" деп жауап береді.<br>Жалт-жұлт етеді, Ұстасаң еріп кетеді. Балалар: "Қар" деп жауап береді.<br>Тәрбиеші: -Балалар, қыстың үш баласы бар.<br>Олар желтоқсан, қаңтар, ақпан.<br>Тәрбиеші: Енді балығымыз теледидарға назар аударайық. "Қар қандай болады?" ертегісімен таныстыру (ертегіні теледидардан көрсету).<br>Сергіту сәті:<br>Боран соққанын қимылмен қалай көрсетеміз?<br>(Балалар қолдарын жоғары көтеріп, гуілдейді)<br>Қатты аяз болып, тоңғанда не істейміз?<br>(Қолдарын қусырап, аяқтарын топырлатады)<br>Ал, күн шыққанда не істейсіңдер?<br>(Алақай, деп қолдарын көтереді).<br>Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар.<br>1) Қараңдаршы, ыдыстағы қарға не болды? (ыдыстағы еріген қарға назар аударылады).<br>2) Қар қайда жоғалып кетті? (балалардың жауаптары). Қар еріп суға айналды.<br>3) Қалай ойлайсыңдар, ол неге еріп кетті? (балалардың жауаптары). Бөлме жылы болғандықтан, қар еріп кетті. Егер жылы болса, қар (суға) айналады.<br>4) Ыдыстағы су қандай, қараңдаршы? (балалардың жауаптары). Иә, су лас, қоқымдар жүзіп жүр. Қарағанда қар ақ және таза, бірақ еріген кезде лас суға айналады.<br>5) Қарды жеуге бола ма? (балалардың жауаптары) Әрине, жоқ.<br>6) Неге? (балалардың жауаптары). Дұрыс, өйткені, қар суық және кір, оны жесек тамақ және ішіміз ауырады. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Қорытындылау: -Балалар біз бүгін немен таныстық? - Қармен. -Қыста қандай аң ұйқыға кетеді екен? -Аю. - Сендерге қыс мезгілі ұнайма? - Ия -Қардың түсі қандай? -Аппақ .- Мұз қандай екен? -Катты. Жарайсыңдар балалар! Осымен оқу қызметіміз аяқталды, енді келген қонақтарымызбен қоштасайық. |

Әдіскер
методисі

**Тексерілді : 23.11.2022 ж**

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы Қараша айы**

| **ҰҚ** | **Қазақ тілі 28.11.2022ж** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Қазақстан Республикасы туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Отанын, халқын, Президентті сыйлауға баулу; айланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сөздер:**Отан, мемлекет, егеменді, тәуелсіз, бәйтерек, елбасы, елорда, мақтан, мәңгі, орталық, оңтүстік, солтүстік, әлем.<br>**Сөз тіркесі:** Менің Отаным-Қазақстан. Менің елім, туған жерім –Қазақстан. Отан-оттан да ыстық. |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Күніміз шуақты болсын!<br>Аспанымыз ашық болсын!<br>Көк туымыз биік болыс!<br>Елімізде тыныштық болсын! |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | **Тіл ұстарту жаттығулары:**<br>Тан – тан – тан – Біздің Отан<br>Қ-қ-қ, қазақ, Қазақстан.Бұл сөздерде қазақ тіліне тән қандай дыбыс бар?(*Қ дыбысы бар)*<br>Мұғалім: Балалар, біз қай мемлекетте өмір сүріп жатырмыз?<br>Дұрыс айтасыңдар, балалар, Біздің Отанымыз – Қазақстан!<br>Балалар, сендер біздің Елорламыз қай қала екенін білесіңдер ме?<br>Балалар: Нұр –Сұлтан қаласы<br>Мұғалім: Ал, балаларбіздіңмемлекетіміздіңПрезидентікім?<br>Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаев.<br>Мұғалім: Балалар, Қазақстанның қандай қалаларын білесіңдер**?**<br>Балалар: Шымкент, Қостанай, Қызылорда ....<br>Мұғалім: Елімізде көптеген ұлттар тату – тәтті өмір сүреді. Балалар, қандай ұлттарды білесіңдер?<br>**Сергіту сәті.**<br>Көтеріліп шаңырақ,<br>Керегелер керіліп,<br>Уықтары шаншылар.<br>Өрімдей боп өрілер,<br>Бәріміз жүрсек айналып,<br>Киіз үй боп көрінер.<br>**Тақпақ жаттайық**<br>Астана арман қала<br>Бағы бір жанған қала<br>Тұрады ол жап – жас болып<br>Мен үлкен болғанда да<br>**Мақал – мәтел**<br>Отан оттан да ыстық. Туған жер – алтын бесік Отан – елдің анасы.<br>**Ойын:** «Өз мемлекетінің туынды тап» (үстел үстінде әр мемлекеттердін тулары суретте бейнеленген, балалар ішінен өз мемлекетінің туын табу керек) |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Сабақты қорыту: «Бес қадам» ойыны |

**Тексерілді : 28.11.2022 ж** Әдіскер Дай– Методисі

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы      Қараша айы**

| ҰҚ | Қазақ тілі  30.11.2022ж |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Тәуелсіз Қазақстан туралы білімдерін жетілдіру. Отанын құрметтеуге, қорғауға баулу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздер:**Отан, мемлекет, егеменді, тәуелсіз, бәйтерек, елбасы, елорда, мақтан, мәңгі, орталық, оңтүстік, солтүстік, әлем.<br>**Сөз тіркесі:** Менің Отаным-Қазақстан. Менің елім, туған жерім –Қазақстан. Отан-оттан да ыстық. |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттері,   слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Күніміз шуақты болсын!<br>Аспанымыз ашық болсын!<br>Көк туымыз биік болыс!<br>Елімізде тыныштық болсын! |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | **Тіл ұстарту жаттығулары:**<br>Тан – тан – тан – Біздің Отан<br>Қ-қ-қ, қазақ, Қазақстан.Бұл сөздерде қазақ тіліне тән қандай дыбыс бар?(*Қ дыбысы бар)*<br><br>Мұғалім: Балалар, біз қай мемлекетте өмір сүріп жатырмыз?<br>Дұрыс айтасыңдар, балалар, Біздің Отанымыз – Қазақстан!<br>Балалар, сендер біздің Елорламыз қай қала екенін білесіңдер ме?<br>Балалар: Нұр –Сұлтан қаласы<br>Мұғалім: Ал, балаларбіздіңмемлекетіміздіңПрезидентікім?<br>Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаев.<br>Мұғалім: Балалар, Қазақстанның қандай қалаларын білесіңдер**?**<br>Балалар: Шымкент, Қостанай, Қызылорда ....<br>Мұғалім: Елімізде көптеген ұлттар тату – тәтті өмір сүреді. Балалар, қандай ұлттарды білесіңдер?<br>**Сергіту сәті.**<br>Көтеріліп шаңырақ,<br>Керегелер керіліп,<br>Уықтары шаншылар.<br>Өрімдей боп өрілер,<br>Бәріміз жүрсек айналып,<br>Киіз үй боп көрінер.<br>**Тақпақ жаттайық**<br>Астана арман қала<br>Бағы бір жанған қала<br>Тұрады ол жап – жас болып<br>Мен үлкен болғанда да<br>**Мақал – мәтел**<br>Отан оттан да ыстық. Туған жер – алтын бесік  Отан – елдің анасы.<br>**Ойын:** «Өз мемлекетінің туынды тап» (үстел үстінде әр мемлекеттердің тулары суретте бейнеленген, балалар ішінен өз мемлекетінің туын табу керек) |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Сабақты қорыту: «Бес қадам» ойыны |

**Тексерілді : 30.11.2022 ж** Әдіскер Дай– методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы Желтоқсан айы**

| ҰҚ | Қазақ 05.12.2022ж |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Рәміздер туралы білімдерін арттыру. Рәміздерді құрметтеуге баулу. Сөздік қорларын байытып, тіл мәдениетін жетілдіру.<br>**Сөздер:**Отан, мемлекет, ту, әнұран, елтаңба.<br>**Сөз тіркесі:** Менің Отаным-Қазақстан. Менің туым, туған жерім –Қазақстан. Отанның әнұраны.. |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттері, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | ***Шаттық шеңбері***<br>Күніміз шуақты болсын! Аспанымыз ашық болсын! Көк туымыз биік болыс! Елімізде тыныштық болсын |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Мұғалім: Балалар,қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыс айларын атаймыз?Қыс мезгілі сендерге ұнай ма?<br>Несімен ұнайды?<br>**Ертегі тыңдайық. «Қар қандай болады?»**<br>Кіп-кішкентай торғайлар : Қар қандай болады?-деп сұрапты.Бірінші болып<br>күн жауап беріпті. Қар алтын сияқты болады.<br>Ай : Қар күміс сияқты болады. Бұлт: Қар көгілдір болады Қоян: Қар аппақ болады. Үйрек: Қар суық болады.<br>Әтеш: Қар жылы болады.<br>Мұғалім: Балалар сендер қалай ойлайсыңдар,қар қандай болады?<br>Балалар:<br>**Тіл ұстарту жаттығулары:**<br>Тан – тан – тан – Біздің Отан<br>Қ-қ-қ, қазақ, Қазақстан.Бұл сөздерде қазақ тіліне тән қандай дыбыс бар? (*Қ дыбысы бар)*<br>Мұғалім: Балалар, біз қай мемлекетте өмір сүріп жатырмыз?<br>Дұрыс айтасыңдар, балалар, Біздің Отанымыз – Қазақстан!<br>Балалар, сендер біздің Елорламыз қай қала екенін білесіңдер ме?<br>Балалар: Нұр –Сұлтан қаласы<br>Мұғалім: Ал, балаларбіздіңмемлекетіміздіңПрезидентікім? Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаев.<br>**Сергіту сәті.**<br>Көтеріліп шаңырақ,<br>Уықтары шаншылар.<br>Керегелер керіліп,<br>Өрімдей боп өрілер,<br>Бәріміз жүрсек айналып,<br>Киіз үй боп көрінер.<br>Мұғалім: балалар, әр елдің өзінің рәміздері болады. Біздің еліміздің де рәміздері бар?<br>Олар: Әнұран, Ту, Елтаңба.<br>-Еліміздің туының түсі қандай?<br>-Көгілдір түсті –аспан мен судың түсі<br>-Көк түс тазалықты белгілейді.<br>-Ортасында алтын күн- бейбітшілік күні.<br>Қыран құс –еркіндіктің,тәуелсіздіктің белгісі.Биікте самғайды және ұлттық ою бейнеленген.<br>-Елтаңбамыздың түсі қандай?<br>-Елтаңбамызда қазақтың қарашаңырағы-әрбір отбасының бірлігі, бейбітшілік шаңырағын көтерген, күн сәулесіндей уықтар,екі жақтағы қанатты пырақтар(қос тұлпар)-адамның досы, жоғарысында бес бұрышты жұлдыз бен «Қазақстан» деген жазу бар |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Ойын:** «Өз мемлекетінің туынды тап» (үстел үстінде әр мемлекеттердін тулары суретте бейнеленген, балалар ішінен өз мемлекетінің туын табу керек) Сабақты қорыту: «Бес қадам» ойыны |

**Тексерілді : 5.12.2022 ж** Әдіскер методист Дай—

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы   Желтоқсан айы**

| ҰҚ | Қазақ 07.12.2022ж |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Балалардың Атбасар қаласы туралы білімдерін одан әрі арттыру. Отанымыздың рәміздерін сыйлауға, құрметтеуге, адал болуға тәрбиелеу.<br>Артикуляциялық дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә,ө,ң,қ,ү,ұ,) дұрыс айтуға машықтандыру.<br>**Сөздер:**Отан, қала, әдем.<br>**Сөз тіркесі:** Менің Отаным-Қазақстан. Менің қалам Атбасар, туған жерім –Атбасар қаласы. |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттері, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | ***Шаттық шеңбері***<br>Күніміз шуақты болсын!<br>Аспанымыз ашық болсын!<br>Көк туымыз биік болыс!<br>Елімізде тыныштық болсын! |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Балалар біз тұратын мемлекетте қалайаталады?<br>-Біз Қазақстан Республикасындан тұрамыз.<br>Біздің қаламыз қалай аталады?<br>Қаламызда қандай көшелер бар?<br>-Қандай қалаларды білесіңдер?(Атбасар, Астана, Алматы, Көкшетау, Қостанай, Қарағанды, Өскемен, Павладар, т. с.,с)<br>**Поезбен қалаларға саяхатқа шығамыз**<br>Пш-пш-пш-пш біз кеттік,<br>Жүрісті тым үдеттік.<br>Гу-гу-гу-гу гуілде,<br>Қалып қойма бірінде.<br>Оң жағымызға қараймыз,<br>Сол жағымызға қараймыз.<br>**Тақпақ жаттайық**<br>1.Алматы қаласы.<br>Жап жасыл ағашы.<br>Қып-қызыл алмасы,<br>Ақ бастын тауы бар,<br>Алматы қаласы.<br>Ақындар ағасы.<br>Тұр Абай данасы<br>Көшесі көрікті.<br>Алматы қаласы<br>2.Астана арман қала<br>Бағы бір жанған қала<br>Тұрады ол жап – жас болып<br>Мен үлкен болғанда да<br>**"Қалалар" ойыны.**<br>Ойынның мақсаты: Буыннан сөз құрастырып, дұрыс жазуға дағдыландыру.<br>Ойынның шарты: Балаларды екі топқа бөліп, тақтаға қала атауының кез келген буынын жазу. Қай топ дұрыс сөзді бірінші тапса, сол топ жеңеді. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Сабақты қорыту:<br>«Қай қалада?»<br>Суретте көмір, күріш, мақта, алма- апорт, мұнай т.б. көрсетіледі. |

**Тексерілді : 12.12.2022 ж** Әдіскер Дай— методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы      Желтоқсан  айы**

| ҰҚ | Қазақ 20.12.2022ж |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** Ұлттық аспаптар, санамақтар, жаңылытпаштар, мақал – мәтелдермен таныстырып, білімдерін кеңейту. Қазақ тілін тыңдау және түсіне білуге жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздерді түсіну және анық айту, сөйлегенде қазақша сөздерді және сөз тіркестерін қолдануды жаттықтыру.<br>**Сөздік жұмыс**: Ұлттық аспаптардың атаулары: домбыра, қобыз, т.б, күй, күйші. |
| **Көрнекіліктер** | Аспаптардың суреттері, домбыра, қылқобыз, шаңқобыз, сазсырнай, сыбызғы, жетіген, аспаптар көрмесі, шулы аспаптар, сөйлейтін кітапша, сандық. |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Балабақшам арайлы<br>Таң шапағы тарайды<br>Күннен шуақ аламыз<br>Қуандырып талайды |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Жұмбақ:<br>Екі құлақты<br>Он тоғыз тұяқты<br>Шешуін тапшы,<br>Күмбірлеген күй<br>Төгілген сияқты.  **(Домбыра)**<br>Өте дұрыс,ендеше,балалар біз қазақтың ұлттық аспаптарымен танысайық.<br>«Екі шектің бірін қатты,<br>Бірін сәл-пәл кем бұра<br>Нағыз қазақ қазақ емес,<br>Нағыз қазақ домбыра.» деп ақындар жырлағандай қазақ халқы үшін ұлттық аспаптардың орны ерекше.Атадан балаға жалғасып келе жатқан асыл мұрамыз  сан ғасырлар бойы жалғасын тауып келеді.<br>**Домбыра**Қазақ халқының тұрмысында кең тараған музыкалық аспап .Екі шекті домбыра бұрынғы заманда ән,жыр,ертегі,аңызды сүйемелдеу үшін ғана қолданылған болса,қазір жеке шығармалар орындайды.Домбыраның екі шегі.екі құлағы,тиегі және мойнында 19-22 пернелері болады.<br>**Шаңқобыз:**Шаңқобыз-көне музыкалық аспап.Оның ортасында сүйір тілше болады.Шаңқобыз өңделген  ағаш таспалардан жасалады.Бұл аспап Қазақстанның  әр түрлі өңірлерінде кездеседі.Шаңқобыз әйелдер мен балалардың сүйікті аспабы.<br>**Қылқобыз**<br>Қылқобыз –ысқышпен ойналатын қос ішекті музыкалық аспап.Халық арасындағы аңыздарға қарағанда қылқобыздың пайда болуы   сегізінші  ғасырда өмір сүрген күй атасы Қорқыттың есімімен  байланысты.Қобыз дөңгелек,шұңғыл, бос ыдысқа ұқсайды.Үстіңгі жағында ағаш сабы бар ,басы жүрек бейнелес.Төменгі жағы тізеге тіреу  үшін ұзын таяққа бекітілген.<br>Аспап инструмент<br>Күй тыңдау: «Бұлбұл» күйі Д.Нұрпейісова.)<br>**Сергіту сәті:**<br>Кәне балалар тұрайық<br>аспапқа қол созайық,<br>Қобызды да ойнайық<br>Домбыраны да тартайық<br>Сыбызғыны сызылтып,<br>Билеп-билеп алайық.<br>Ойын ойнау : «Артығын тап» |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетімізде немен таныстыңдар?<br>Қандай аспаптар?<br>Ұлттық аспаптарға қандай аспаптар  жатады? Жарайсыңдар балалар.<br>Домбыра –халқымның сыры Қобызым- Қорқыттың үні<br>Жалғассын қазақтың ұлы күйі, Ұрпақтан ұрпаққа айтылар жыры Қорытындылау,қоштасу. |

**Тексерілді : 20.12.2022 ж** Әдіскер Дай– методисі

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы Желтоқсан айы**

| ҰҚ | Қазақ 22.12.2022ж |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Киіз үй, үй жануарлары туралы білімдерін арттыру. Баланың сөздік қорын молайту арқылы, салт – дәстүр туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың бойына ата – мұра құндылықтарын қастерлеуге салт – дәстүрді біліп – үйренуге тәрбиелеу.<br>**Сабақтың әдіс – тәсілдері**: Түсіндіру, әңгімелеу, ойын сұрақ – жауап, жұмбақ шешу.<br>**Сабақ көрнекілігі:** Слайд, суреттер, киіз үй макеті, киіз үй жабдықтары |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Кең даланың ежелгі,<br>Қазақ дейтін халқымыз.<br>Өзге ұлттай біздің де,<br>Бар дәстүр мен салтымыз |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Тәрбиеші: Балалар біз ненің ішінде тұрмыз?<br>Балалар киіз үйдің ішінде тұрмыз деп жауап береді.<br>Балалар киіз үйдің құрал – жабдықтарын, құрлысын кім біледі атай алады.(балалар иә, жоқ деп жауап береді)<br>Тәрбиеші: Дидактикалық ойын «Киіз үй» ойнатылады.<br>Көтеріліп шаңырақ (қолдарын жоғары көтереді)<br>Уықтары шаншылып (қолдарын жоғары көтереді)<br>Керегелер керіліп (алақандарын ашады )<br>Өрім дей болып өрілер (қолдарын белге қояды)<br>Бәріміз бірге жүрсек айналып, киіз үй болып көрінер.<br>Тәрбиеші: Ендеше балалар мен сіздерге қазақтың киіз үйі туралы түсіндіріп өтейін. Тәрбиеші киіз үйдің құрал – жабдықтарымен таныстырып, қазақ халқының салт – дәстүрін байланыстыра отырып киіз үй туралы мол мағлұмат береді.<br>Балалардың жауабы: Киіз үй құрлысын атап береді.<br>- Кереге, шаңырақ, уық, босаға, сықырлауық,табалдырық, маңдайша. Туырлық, үзік, түндік, ши, есік.<br>**Сергіту сәті:** Кел балалар тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>Шаңырақты көтеріп,<br>Керегені құрайық.<br>Уықтарша иіліп,<br>Шаңыраққа қосылып.<br>Қазақ үйді құрайық..<br>Тәрбиеші: Балалардан киіз үй туралы кім тақпақтар біледі жатқа айтады.<br>1 – бала: Қабырғасы тор көз, Т өбесінде зор көз. (Кереге, Шаңырақ)<br>2 – бала: Тұмсығын тесіп. Жүннен бұйда есіп Қазыққа байлады. (Уық )<br>3 – бала: Төбедегі көзінен. Күн сәулесі түседі. Бұрышы жоқ төрінен. Самал еркін еседі. (Киіз үй )<br>4 – бала: Жетпіс екі найзасы. Біріктіріп тұрады. (Шаңырақ) |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Тәрбиеші: Балалар біз бүгінгі сабағымызда не білдік, не үйрендік. Ненің құрлысымен таныстық?<br>- Киіз үйдің қандай құрал – жабдықтарын білдіңдер?<br>- Киіз үйдің құрылысы қалай аталады екен?<br>Балалар жауап топ болып сұрақтарға жауап береді.<br>Тәрбиеші жұмбақ жасырып сабақты қорытындылайды:<br>Төбедегі көзінен.<br>Күн сәулесі түседі.<br>Бұрышы жоқ төрінен.<br>Самал еркін еседі. (Киіз үй) |

**Тексерілді : 22.12.2022 ж** Әдіскер методисі Дай–

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы Желтоқсан айы**

| ҰҚ | **Қазақ 26.12.2022ж** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Қысқы еңбек туралы балалардың білімдерңн кеңейту. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын арттыру.<br>**Сөздер:**Қысқы еңбек, көп қар, қар борайды, қар күрейді, көмек беру, көмектес, жина, күреу<br>**Сөз тіркесі:** Пеш жағу, жылыту, қора, мал, күту, қамқорлық, ұя жасау, жем беру |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттері, ойыншықтар, слайд, үлестірмелі суреттер суреті, жұмыс дәптері |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Күніміз шуақты болсын!<br>Аспанымыз ашық болсын!<br>Көк туымыз биік болыс!<br>Елімізде тыныштық болсын! |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | **М:-** Балалар, мен сендерге өлең жолдарын оқып бергім келіп тұр.<br>Шанамен зырғып желетін,<br>Коньки, шаңғы тебетін,<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсыңдар балалар?<br>Балалар: Қыс мезгілі<br>**М:**Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Дұрыс айтасыңдар, қазір қыс мезгілі .<br>**Жұмбақтар шешу**<br>**1.** Шелек қалпақ басында, сәбіз екен танауы.<br>Қыста қардан туатын, тауып көрші сен оны.(Аққала)<br>**2.** Қолы жоқ, сурет салады, Тісі жоқ тістеп алады. (Аяз)<br>**3.** Қыста айна, Көктемде су. (Мұз)<br>5.Қыста ғана болады, ұстасаң қолың тоңады. (Қар)<br>М:Қыста ауа-райы қандай?<br>**Балалар:**Қыста суық болады. Боран ұйытқып соғады. Дала қарға толады. Қатты аяз болады. Жылы тон, пальто, қолғап киеміз. Қар борап жауып тұр.<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Ыс-ыс-ыс- келді қыс Ар-ар- ар- жауды қар Яз-яз-яз қатты аяз<br>**Өлең жаттаймыз:**<br>Далада қар борайды,<br>Аақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады қатады,<br>Жып-жылтыр боп жатады<br>**Сергіту сәті:**<br>Тонса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп, аламыз<br>Сарт – сарт шапалақ соғамыз<br>Тонса біздің аяғымыз,<br>Еттік киіп аламыз,<br>Топ – топ, топылдап, билейміз.<br>Тонса біздің денеміз,<br>Тонды киіп, аламыз.<br>Зу –зу зу-зу Шанамен зулаймыз.<br>Қыста қандай ойындар ойнаймыз?<br>**Д/о: «Артығын тап»**<br>Осы заттардың ішінен еңбекке қажетті затты тап.(Күрек, машиналар,қар жинайтын машина )<br>Қыста тағы қандай жұмыстар атқарады? |
| **Рефлексивті түзетушілік** | «Қар жинау» ойыны.<br>Ойын шарты: Қар ерімей тұрып, шелекке тез жинау. (Қағаздан қар жасап, шелекке тез жинату)<br>Сабақты қорытындылау. |

**Тексерілді : 26.12.2022 ж** Әдіскер-методист Дай-

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы Желтоқсан айы**

| ҰҚ | Қазақ 28.12.2022ж |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Жаңа жылдық сыйлықтар туралы білімдерін арттыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға баулу.<br>**Жаңа сөздер мен тіркестер:**<br>Шырша, Жаңа жыл, Аяз Ата, Ақшақар, мереке, айт, безендір, би биле, ескі, жаңа, жылтыр, шапалақта, сыйлық |
| **Көрнекіліктер** | Шырша суреттер, сыйлықтар. Қысқы мереке. Жаңа жыл мерекесі. Аяз ата, Ақшақар, суреттері |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Алақанды ашамыз,<br>Күннен жылу аламыз.<br>Жүректен жылу саламыз,<br>Осы алған жылуды,<br>Бір – бірімізге сыйлаймыз |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | **М М:**-Балалар казір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыста далада қандай өзгерістер болады?<br>**Жұмбақтар шешу**<br>**1.** Қолы жоқ, сурет салады, Тісі жоқ тістеп алады. (Аяз)<br>**2.** Қыста айна, Көктемде су. (Мұз)<br>**3.** Қыста ғана болады, ұстасаң қолың тоңады. (Қар)<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Ыс-ыс-ыс- келді қыс Ар-ар- ар- жауды қар Яз-яз-яз қатты аяз<br>**Сергіту сәті:**<br>Тонса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп, аламыз<br>Сарт – сарт шапалақ соғамыз<br>Тонса біздің аяғымыз,<br>Еттік киіп аламыз,<br>Топ – топ, топылдап, билейміз.<br>Тонса біздің денеміз,<br>Тонды киіп, аламыз.<br>Зу –зу зу-зу Шанамен зулаймыз.<br>**Өлең жаттаймыз:**<br>Жаңа жылды сол рас па?<br>Үлкейеміз бір бір жасқа.<br>Үлкейеді ағам менің,<br>Үлкейеді қарындас та.<br>-Қыста қандай мереке бар?<br>-- Сендер жаңа жыл мерекесін жақсы көресіңдер ме?<br>- Ал, жаңа жыл мерекесінде не міндетті түрде болу керек?<br>**Жұмбақ**<br>Тікен – тікен тік пісте, Қысы – жазы бір түсте. Ол не?**(Шырша)**<br>Б: Ойыншықтар іліп әшекейлейсіз. Шыршаның ойыншықтары қандай болады?<br>Б: Жылтырақ, домалақ, сопақша ойыншықтар.<br>М:Жаңа жылдық шыршаға кімдер келеді.<br>Б:Аяз ата, Ақшақар |
| **Рефлексивті түзетушілік** | М:Жаңа жылда қандай сыйлықтар алғыларың келеді? **Ойын: «Бес қадам»** |

**Тексерілді : 28.12.2022 ж** Әдіскер методисі Даи—

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы Қаңтар айы**

| ҰҚ | Қазақ тілі 04.01.2023 ж |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Қыс мезгілі туралы білімдерін одан әрі арттыру. Жаңа сөздер үйрету<br>**Сөздер:**Қаңтар, ақпан, желтоқсан, ақ, көгілдір, сұр, көрініс, сурет, қыс, қар, аяз, мұз, жұмсақ, сулы, қатты<br>**Сөз тіркесі:**Жапалақтап қар жауады, ертегідей сиқырлы қыс, аппақ қаржауады, боран соғады. |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттер, слайд, |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Шеңбер болып тұрайық<br>Алақанды ашайық<br>Күннің нұрын алайық<br>Таза ауаны жұтайық |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | **М М:**-Балалар казір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыста далада қандай өзгерістер болады?<br>**Жұмбақтар шешу**<br>**1.** Қолы жоқ, сурет салады,<br>Тісі жоқ тістеп алады. (Аяз)<br>**2.** Қыста айна,<br>Көктемде су. (Мұз)<br>**3.** Қыста ғана болады, ұстасаң қолың тоңады. (Қар)<br>М:Қыста ауа-райы қандай?<br>**4.**Шелек қалпақ басында, сәбіз екен танауы.<br>Қыста қардан туатын, тауып көрші сен оны.(Аққала)<br>**Балалар:**Қыста суық болады. Боран ұйытқып соғады. Дала қарға толады. Қатты аяз болады. Жылы тон, пальто, қолғап киеміз. Қар борап жауып тұр.<br>**Сергіту сәті:**<br>Тонса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп, аламыз<br>Сарт – сарт шапалақ соғамыз<br>Тонса біздің аяғымыз,<br>Еттік киіп аламыз,<br>Топ – топ, топылдап, билейміз.<br>Тонса біздің денеміз,<br>Тонды киіп, аламыз.<br>Зу –зу зу-зу Шанамен зулаймыз.<br>**Өлең жаттаймыз:**<br>Жаңа жылды сол рас па?<br>Үлкейеміз бір бір жасқа.<br>Үлкейеді ағам менің,<br>Үлкейеді қарындас та.<br>-Қыста қандай мереке бар?<br>-- Сендер жаңа жыл мерекесін жақсы көресіңдер ме?<br>- Ал, жаңа жыл мерекесінде не міндетті түрде болу керек?<br>Б: Ойыншықтар іліп әшекейлейсіз. Шыршаның ойыншықтары қандай болады?<br>Б: Жылтырақ, домалақ, сопақша ойыншықтар. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Ойын: «Бес қадам»** |

**Тексерілді : 4.01.2023 ж** Әдіскер методисі

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы Қаңтар айы**

| **ҰҚ** | **Қазақ тілі 06.01.2023 ж** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Қысқы ойын, қысқы спорт түрлері білімдерін арттыру. Тілдерін жаттықтыру, сөздік қорларын байыту**.** Қазақ тіліндегі сөздерді түсіну және анықайту,сөйлегенде қазақша сөздерді және сөзтіркестерін қолдануды жаттықтыру **Сөздер:**Пайдалы, пайдалы емес.Шынығамыз, жүгіреміз.<br>**Сөз тіркесі:**Күшті болып өсеміз. Секіреміз, жаттығу жасаймыз. Спортпен айналысамыз. |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттер, слайд, |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Шеңбер болып тұрайық<br>Алақанды ашайық<br>Күннің нұрын алайық<br>Таза ауаны жұтайық |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Тыныштық сәт і (әуенмен) « Аққала»<br>Мақсаты: Балалардың психо-эмоционалдық жағдайын, бұлшық ет жүйесінің жұмысын жақсарту.<br>Жүрісі: Балалар дөңгеленіп тұрады. Көздерін жұмып, денесін бір қалыпты күйге түсіреді. Айналаның бәрі аппақ қар. Балалар қардан аққала жасай бастады.. Алдымен оның денесін, басын жасады. Енді оның екі жаққа созып тұрған қолын ағаш бұтағынан жасады. Басына шелек кигізіп, көзін, мұрынын салды.. Аққала үлкен әрі әдемі болып аяғын нық басып тұрды. Ол балаларға қарап жымиып тұрғандай болды Балалар қатты қуанды. Көзімізді ашамыз.<br>Іздену ұйымдастырушы<br>Педагог балаларға сұрақ қояды.<br>Педагог:<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс)<br>- Сендердің әрқайсыларыңның қыс кезінде сүйіп ойнайтын ойындарың бар. Осыған орай біз қазір<br>«Сөйлемді аяқта» ойынын ойнаймыз. Балалар бір – біріне қар ұшқынын( қаршық) беріп тұрып, «Мен қысты жақсы көремін, өйткені...» деп сөйлемді аяқтайды. Келесі бала да осылайша жалғастыра береді.<br>Балалардың жауабы.<br>- Қыста мен қар лақтырып ойнағанды ұнатамын.<br>- Қыста мен аққала жасаймын.<br>- Қыста мен коньки тебуді ұнатамын.<br>- Қыста қардан мұнара тұрғызамыз.<br>2. Педагог:-- Ал, балалар енді тақтаға назар аударыңдаршы.<br>«Не артық» ойыны ойналады.<br>Тақтада шаңғышы, конькиші, шана сүйреген бала және велосипедші бейнеленген суреттер ілініп тұр. Балалардың жауаптары.<br>Велосипедшінің суреті артық, өйткені қыста велосипед теппейді, ал қалған суреттер спорттың қысқы түрлеріне жатады.<br>Педагог: - Балалар, бүгінгі оқу іс – әрекетінің тақырыбы: «Біз қыста қалай ойнаймыз?» Сендер суретке қарап, әңгіме құрастырасыңдар.<br>3- Қар жауып тұр. Жерде күртік қар жатыр. Ағаштар қар жамылып тұр.<br>Педагог: - Сендер өте жақсы жауап бердіңдер, жарайсыңдар.<br>**Тіл ұстарту.**<br>«Ыс - ыс - ыс, келіп жетті қыс» «Ар - ар - ар, жауып жатыр ақша қар»<br>Педагог:<br>- - Қысқы ойындар немесе спорттың қысқы түрлері. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Педагог қыс туралы өлең жолдарын балалармен бірге айтады.<br>Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады, қатады Жып жылтыр боп жатады. Аралайды бақшаны,<br>Үзілмейді жақсы әні.<br>Гүлденеді бақшалар,<br>Жауса жаусын ақша қар |

**Тексерілді : 66.01.2023 ж** Әдіскер методисті Дай-

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы      Қаңтар  айы**

| ҰҚ | **Қазақ тілі                    09.01.2023ж** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Үй техникалары туралы балалардың білімдерін одан әрі арттыру. Дыбыстық және артикуляциялы қаппараттарды жетілдіру. Қазақ тіліндегі сөздерді түсіну және анықайту,сөйлегенде қазақша сөздерді және сөзтіркестерін қолдануды жаттықтыру<br>**Сөздер:**үтік, газ плитасы, тоңазытқыш шаңсорғыш, кір жуатын машина, ыстық, суық, мұздатқыш, қауіпті,<br>**Сөз тіркесі:**сақтық шаралар, қауіпсіздікті сақтау, ыстық үтік, мұздатады |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттер, слайд, |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Шеңбер болып тұрайық Алақанды ашайық Күннің нұрын алайық Таза ауаны жұтайық |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | **Мұғалім:**Сәлеметсіздер ме, балалар! Балалармен күз мезгілі туралы әңгімелесу.<br>Балалар қазір қай жыл мезгілі?<br>**1.<u>Видео:</u>** (одан кейін «Фиксиктің», музыкасы естіледі.)<br>Симка экраннан көрсетіледі: Сәлеметсіздер ме, балалар! Мені таныдыңдар ма? Менің атым Симка.<br>**Мұғалім:**Сәлем, Симка!  Симка неге көңілсізсің?<br>**Симка:** Мен Ноликті жоғалтып алдым.Іздеуге көмектесесіңдер ме?<br>**Мұғалім:**Балалар, Ноликті іздеуге көмектесеміз бе?<br>**Мұғалім:**Балалар мультфильмдегі Симка мен Нолик ненің ішінде жүретін еді.? (шаңсорғышта,  компьютерде, кір машинасында, газ плитасында, үтікте) Дұрыс айтасыңдар! Бұл заттарды бір сөзбен қалай атауға болады? Тұрмыстық техника. (слайдтан тұрмыстық техникалар көрсетіледі)<br>**Мұғалім:**Олай болса Ноликті тұрмыстық заттар арасынан іздеу кереку.<br>**Мұғалім:**балалар Ноликті қандай көлікпен іздеуге болады?<br>**Балалар:** автобустен, ұшақпен, поездбен.<br>**Мұғалім:**Олай болса поездға отырып іздейік..<br>Қатар, қатар, тұрайық Кәне, кәне сұрайық Болса кімнің бойы ұзын. Паравозы сол поездің<br>**Мұғалім:**Кімнің бойы ұзын, балалар**.**<br>**Балалар:** Ұзын баланы таңдайды. Ал, паравоз алға баста Пш-пш-пш- біз кеттік Гу-гу-гуілдеп, Жүруді біз үдеттік. Пш-пш-пш- біз кеттік Гу-гу-гуілдеп, Жүруді біз үдеттік.<br>**<u>Бірінші үстел</u>:Үтік** (үтіктің не үшін керек екенін қысқаша айтады) Ноликті іздеп таппайды, тапсырманы табады.<br>**Дыбыстық жаттығуды орындаңдар.**<br>Қыш-қыш-қыш, үлкен тоңазытқыш.<br>Ғыш – ғыш – ғыш, гулдеді саңсорғыш.<br>Тік-тік-тік, қызды үтік!<br>Дар – дар-дар, қосылды теледидар!<br>**Мұғалім:**біз бұл жерден таппадық, әрі қарай кеттік!<br>**<u>Екінші үстел:</u> Кір машинасы**(кір машинасы не үшін керек екенін қысқаша айтады. Онымен ойнауға болмайды.)Ноликті іздейміз, тапсырманы табады. Ойын бар екен: «Жұбын тап».<br>**<u>Физминутка 2. Видео:  Үшінші үстел:</u> Газ плиткасы,** Ноликті іздейміз, тапсырманы табады. Физ.минутка жасаңдар.(Фиксики)<br>**<u>Төртінші үстел:</u> Тоңазатқыш**  (Тоңазытқыш   үшін керек екенін қысқаша айтады)Ноликті іздейміз, Тапсырманы табады.  (суретін таба отырып, жұмбақты шешіңдер) Балалар, сендерге жұмбақ та жасырыпты, мүмкін осы жұмбақты шешкеннен кейін Ноликті табармыз.<br>Аязға толы жәшігім, Ішінен тамақ тасыдым. **(Тоңазытқыш)**<br>Танауынан Су да шығады. Бу да шығады. **(Шәйнек)**<br>2. Шаң-тозаңды сүймейді Тазалап оны жүр дейді. Аты оның..... **(Шаңсорғыш)**<br>**Мұғалім:** Балалармен бірге компьютердің жанына келіп, Ноликті  енді қайдан табамыз деген кезде муызка ойнап,**<u>3. Видео:</u>** Нолик шығып, бұл не шу, ұйықтап қалыппын, оятып жібердіңдер ғой дейді. Нолик  сені іздеп жүріп, балалар тұрмыстық құралдармен танысты.  Ал балалар, қандай жаңа сөздермен таныстық Ноликке айтып, «Бес қадам» ойынын ойнайық. (Ойын ойнап  болғасын  ) |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **<u>3. Видео:</u>** Симка: Балалар сендер көп сөз үйреніп алыпсыңдар, мен досымды таптым.Сендерге рахмет, балалар.  Біздің кетуіміз керек! Жақсы сау болыңдар.<br>Балалар біз бүгін сендермен сөздер үйрендік, жаңа сөздерді тостағанымызға жинайық. |

**Тексерілді : 9.01.2023 ж**   Әдіскер Дай— методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы   Қаңтар айы**

| ҰҚ | Қазақ тілі 11.01.2023ж | |
|---|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Жабайы аңдар, қыс мезгілі, қыс мезгіліндегі аңдардың тіршілігі туралы білімдерін одан әрі арттыру. Сөздің дыбысталу мәдениетін жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды(ә,ө,ң,қ,ү,ұ,) дұрысайтуға машықтандыру.<br>**Сөздер:**Аңдар: аю, тиін, қоян, қасқыр, түлкі<br>**Сөз тіркесі:** азық жинайды, қысқа дайындалады. Қыс бойы ұйықтайды. | |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттер, слайд, | |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Алақанды ашайық,<br>Күннен жылу салайық .<br>Таза ауадан салайық.<br>Жүректен жылу салайық .<br>Осы алған жылуды,<br>Бір – бірімізге сыйлайық. | |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Мұғалім: Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыс айларын атаймыз? Қыс мезгілі сендерге ұнай ма?<br>Несімен ұнайды?<br>Мен бүгін балабақшаға келе жатып, сиқырлы қалта тауып алдым. Ол қалтаның ішінде не бар екенінсендер жұмбақ шешу арқылы тауып беріңдерші.<br>Мұғалім: мен қазір **жұмбақтар жасырамын**, сендер қалтада қандай аңдар бар екенінтабыңдар.<br>1.Құлағы ұзын, өзі қорқақ. (Қоян)<br>2.Қыс бойы жатады, Тәтті ұйқыға батады. (Аю)<br>3.Тойды баққан, Қойды қаққан. Бұл не? (Қасқыр<br>Тұмсығы ұзын күшті, Өзі ерен мықты Бұл не? (Піл)<br>Өзі қу, жүрген жері айқай да шу (Түлкі)<br>Жарайсыңдар, балалар, бұл жабайы аңдар екен.<br>Енді, осы аңдарды **«Бұл не?» ойыны** арқылы қалтамыздан тауып алайық.<br>Кәне, көзімізді жұмып, сипап қандай аңдар екенін анықтайықшы.<br>**Тілімізді жаттықтыруға арналған тіл дамыту жаттығулары**<br>Ян - ян - секендеген ақ қоян,<br>Ю - ю - ю - қорбаңдаған аю<br>Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі<br>Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр<br>- Бұлардың барлығын бір сөзбен не деп атаймыз?<br>- Бұл аңдар қайда мекендейді?<br>- Қыс түсімен көп жануарлар өздерінің ініне тығылады. Аюдың апаны қыс та жылуды сақтап тұрады. Ал, балалар қоян, қасқыр, түлкі, қысқа қарай жұқа жүні түсіп, орнына қалың жүні өседі.<br>- Жабайы аңдар жыртқыш және пайдалы болып келеді?<br>- Аңдардың бізге пайдасы мол, олардың терісінен тон, жаға киімдер, бас киімдер тігеді.<br>Қасқыр- әлі жететін аңдармен, құстармен қоректенеді, үй жануарлар кездесе қалса ұстап жеп қояды.<br>Қоян- ағаштардың қабығын кеміреді, шөп жейді.<br>Түлкі-түрлі құстар, құстар жұмыртқасы, қар астындағы тышқандармен қоректенеді, балық аулап жейді.<br>Аю- судан балық аулап, жидек теріп, құстармен қоректенеді, қыс бойы ұйықтайды. | **Сергіту сәті**<br>Қасқыр ағаш жарады,<br>Түлкі кілем қағады.<br>Елік тамақ пісіріп,<br>Қоян есік жабады.<br>Кірпі көйлек тоқиды,<br>Тиын сабақ оқиды.<br>**Д/О:** "Сен білесің бе?"<br>Аюдың – баласы қонжық<br>Қасқырдың баласы – бөлтірік<br>Түлкінің баласы – жәудір<br>Қоянның баласы – көжек.<br>Арыстанның баласы – Алан<br>Жолбарыстың баласы - Таутан<br>**Д/О: «Қандай аңның дене мүшесі?»**<br>(хоровод)<br>Ей балалар, балалар,<br>Қоян қалай жүреді?<br>Қоян былай, қоян былай<br>Дәл осылай жүреді.<br>Ей балалар, балалар,<br>Аю қалай жүреді?<br>Аю былай, аю былай<br>Дәл осылай жүреді.<br>Ей балалар, балалар,<br>Қасқыр қалай жүреді?<br>Қасқыр былай, қасқыр былай<br>Дәл осылай жүреді.<br>Ей балалар, балалар,<br>Түлкі қалай жүреді?<br>Түлкі былай, Түлкі былай<br>Дәл осылай жүреді. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Жарайсыңдар ,балалар.<br>- Балалар, біз қандай жабайы аңдар жөнінде сөйлестік?<br>- Сендерге ойын ұнады ма? | |

**Тексерілді : 11.01.2023 ж** Әдіскер методисі Дай—

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы      Қаңтар  айы**

| ҰҚ | **Қазақ тілі                    16.01.2023ж** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Жабайы аңдар,  қыс мезгілі, қыс мезгіліндегі аңдардың тіршілігі туралы білімдерін одан әрі арттыру. Сөздің дыбысталу мәдениетін жетілдіру.  Қазақ тіліне тән дыбыстарды(ә,ө,ң,қ,ү,ұ,) дұрысайтуға машықтандыру.<br>**Сөздер:**қонжық, жәудір, көжек, алан, таутан<br>**Сөз тіркесі:** азық жинайды, қысқа дайындалады. Қыс бойы  ұйықтайды. |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыптық суреттер, слайд, |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | ***Шаттық шеңбері***<br>Алақанды ашайық,<br>Күннен жылу салайық .<br>Таза ауадан салайық.<br>Жүректен жылу салайық .<br>Осы алған жылуды,<br>Бір – бірімізге сыйлайық. |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | 1. Жыл мезгілі, апта күндері туралы әңгімелесу.<br>Тақтақтар айту.<br>Жыл мезгілінің белгілері туралы сұрақтар қою.<br>Жабайы аңдар туралы тақпақтарды қайталау.<br>Түлкі деген қу екен,<br>Жүрген жері шу екен.<br>Қоян, қоян, сұр қоян,<br>Қыстың күні ақ қоян.<br>Қысы – жазы жортасың,<br>Аңдардан да қорқасың.<br>Мұғалім:  мен қазір жұмбақтар жасырамын. Сендер шешіңдер.<br>2.Қыс бойы жатады, Қанжардай тісі бар,<br>Тәтті ұйқыға батады. Суық үрейлі түсі бар. Бұл не?<br>3.Тойды баққан, Тұмсығы ұзын күшті,<br>Қойды қаққан. Өзі ерен мықты<br>Бұл не?Бұл не?<br>Мұғалім: Ал сендер ос аңдардың балаларын қалай атауды білесіңдер ме?<br>Аюдың баласы –қонжық<br>Қасқырдың баласы –бөлтірік   Қоянның баласы –көжек<br>Арысланның баласы – Алан    Жолбарыстың баласы – Таутан<br>Түлкінің баласы - Жәудір<br>**Сергіту сәті:**<br>Ормандағы аюдың,<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп-теріп алайық,<br>Қалтамызға салайық.<br>**Ойын**: «Мынау қандай аң?» |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Не жоқ?»**<br>Шарты: көп ойыншықтардың ішінен біреуін жасырып қоямыз. Соны тез табу.<br>Дидактикалық ойын. «Қандай құс»<br>Сабақты қорыту. Баларды мадақтау |

**Тексерілді : 16.01.2023 ж** Әдіскер методисті

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы      Қантар  айы**

<table>
<tr><td>ҰҚ</td><td colspan="2">Қазақ тілі                    18.01.2023ж</td></tr>
<tr><td>Міндеті</td><td colspan="2">Міндеті:Қыстап қалатын құстар және жалпы  құстар туралы балалардың білімдерін одан әрі жетілдіру.  Қазақ тіліндегі сөздерді түсіну және анық айту, сөйлегенде қазақша сөздерді және сөз тіркестерін қолдануды жаттықтыру.Қарапайым сұрақтар қоя білуге және оларға жауап беруге үйрету.Балалардың жекеше және көпше түрдегі зат есімді қолдану білігін дамыту.<br>Қыстайтын құстар: қарға, қараторғай, суық торғай, шымшық, сауысқан,<br>апан, азық, жаңғақ,<br>Сөз тіркесі: азық жинайды, қысқа дайындалады. Қыс бойы  ұйықтайды.  Құстарға қамқорлық жасайды.<br>Сөздік жұмыс:  қарға, торғай, сауысқан, т.б.,</td></tr>
<tr><td>Көрнекіліктер</td><td colspan="2">Тақырыптық суреттер, слайд,</td></tr>
<tr><td>Мотивациялық-қозғаушылық</td><td colspan="2">Армысың шапағатты Күн-ана!<br>Армысың шапағатты Аспан-ана!<br>Армысың мейірімді Жер-ана!<br>Құт дарытып бар әлемді жарылқа.</td></tr>
| *Міндеті* | **Міндеті:** Балаларға жемістер мен көкөністер туралы мәлімет беру, олардың денсаулыққа пайдасы туралы айтып беру. Балалардың сөздік қорларын молайту,қазақ тіліне тән дыбыстарды айыра білуге жаттықтыру.Сөздерді сөз тіркесін айту дағдысын қалыптастыру.Ойлау есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Сөздер: шие, алма, алмұрт, қарбыз, қауын өрік, сәбіз, қияр, қызанақ** |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыпқа байланысты суреттер, себет, жемістер муляждары:алма, алмұрт, сәбіз, қияр, қызанақ |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық, достарым,<br>Жарқыраған күнге! |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Балалармен жемістер мен көкөністер туралы әңгіме жүргізіледі.<br>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен жемістер мен көкөністер түрлерімен таныс боламыз..<br>Сендермен ойын ойнаймыз. **«Тыңда, көрсет, қайтала»ойыны.** Педагог күз, жапырақ, жаңбырдың қима суреттерін балаларға таратып, өткен оқу қызметіндеүйренген сөздерін қайталатады.<br>**Жаңа сөздермен таныстыру.«Себетте не бар?» ойыны.**Педагог себеттегі жемістердің суреттерін немесе муляждарын көрсетеді, жемістерді атайды. Жемістерді<br>балаларға таратады. Жаңа сөздерді балалармен біргеқайталайды.<br>— Мынау – алмұрт. Мынау не?<br>— Мынау – алмұрт. Алмұрт үлкен. Алмұрт қандай? Алмұрт үлкен.<br>Мынау – алма. Мынау не?<br>— Бұлар – жемістер. Бұлар жемістер ме?<br>— Бұлар – жемістер.<br>Педагогпен бірге қайталайды: жемістер – фрукты, алмұрт –груша, алма – яблоко.<br>**«Дұрысын тап» ойыны**. Қима материалдармен жұмыс. Педагогтің айтқан сөздеріне сәйкес суреттерді көрсету жәнепедагогтің тапсырмасын орындау.<br>— Алманы ал.<br>— Алмұртты маған алып кел.<br>**Дыбыстық жаттығу** (айнаны қолданып, сөздерді бірнешерет жеке-жеке қайталайды).<br>Ү-Ү-Ү – КҮЗ. І-І-І – ЖЕ-МІС-ТЕР. Ұ-Ұ-Ұ – АЛ-МҰРТ.<br>**Сергіту сәті.**<br>Күн шықты,<br>Сәулесін шашты.<br>Күз түсті,<br>Алма, алмұрт пісті.<br>**Үлестірмелі материалдармен жұмыс.**<br>Суретке қара. Алма мен алмұртты тап. Жапсыр. Педагог балаларға тапсырманы түсіндіреді. Суретке қара. Алма меналмұртты ал. Жапсыр.<br>Жеке жұмыс жүргізеді.<br>Жемістердің пайдасын түсіндіреді. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Ойын** «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды. |

**Тексерілді : 3.04.2023 ж** Әдіскер Методист Дай—

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

| ҰҚ | Қазақ тілі 05.04.2023 |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті**: Балаларға ғарыш, ғарыштық ұшулар, Байқоңыр ғарыш айлағы туралы түсінік беру. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері туралы түсінік бере отырып,балалардың ғарыш әлеміне қызығушылығын арттыру. Балалардың байланыстырып сөйлеуін, көркемдік талғамын, шығармашылық қабілетін арттыру<br>.**Билингвалдық компоненті**: ғарыш – космос, Зымыран – ракета, аспан – неба, космонавт - ғарышкер |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыпқа байланысты суреттер, |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | *Арайлап таң атты*<br>*Алтын сәуле таратты*<br>*Жарқырайды даламыз*<br>*Жайнай түссін қаламыз*<br>*Қайырлы таң,балалар* |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | **Тәрбиеші**:- Балалар, біз қай ғаламшарда өмір сүріп жатырмыз?<br>**Балалар:**-Жер - біздің тұрып жатқан мекеніміз, ортақ үйіміз.<br>**Тәрбиеші**:Ал жоғарыда біздің үстімізде не бар?<br>- Балалар, сендер түнгі аспанды көрдіңдер ме?<br>- Сендерге ұнай ма?<br>Балалардың жауаптары.<br>**Тәрбиеші:**Маған да ұнайды.Түнгі аспан әдемі, сиқырлы сияқты. Қалай ойлайсыңдар жұлдыз деген не? Олар неге ұқсайды? *(Балалардың жауабы*)<br>**Тәрбиеші**:Дұрыс, балалар, біз жұлдыздарға қарағанда олар кішкентай ұсақ болып көрінеді. Өйткені олар өте биік жоғарыда орналасқан. Жарайсыңдар!<br>(Есік қағылып, хат тасушы хат әкеліп береді)<br>**Тәрбиеші**:Балалар, қараңдаршы бізге хат келіпті,қане оқып көрейін ішінде не жазылған екен?<br>-Міне, қызық хаттың ішінде жұмбақтар бар екен, жұмбақтың жауабын тауып көреміз бе?<br>**Жұмбақтар:**<br>Таңмен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады.(Күн)<br>Күндіз бәрі қашады,<br>Түнде аспанды басады. (Жұлдыз)<br>Ұшады қанатсыз<br>Зырлайды аяқсыз (Зымыран)<br>Көлде жүрген ақ үйрек,<br>Түнде бар да, күндіз жоқ. (Ай)<br>**Тәрбиеші**:Ал ғарышқа кімдер ұшады?<br>***Балалар***:*Ғарышкер, Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев* |
| **Рефлексивті түзетушілік** | ***«Ұшты-ұшты»ойыны***<br>***Тәрбиеші:****Балалар,ғарышқа ұшу үшін қандай көлік керек?*<br>***Балалар:****Зымыран* |

**Тексерілді : 5.04.2023 ж**

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

| **ҰҚ** | **Қазақ тілі 10.04.2023** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Балаларға табиғаттың оянып, гүлдену туралы білім беру. Қазақтіліндегі дыбыстарды дұрыс айтудыдамытуүшінойынжаттығуларын қолдану.Балалардыңсөздікқорынкеңейтужәнебайыту. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сөздер:** Көктем, гүл, құстар, көктем айлары,<br>**Сөз тіркесі:** Көктем келді. Күн жылынды. Қар ериді. Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр<br>Бәйшешек- көктемнің алғашқы гүлі. Құстар ұшып келеді. |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыпқа байланысты суреттер |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Амандасу үлкенге,<br>Тәрбиенің басы ғой.<br>Ал, кәнеки, бәріміз,<br>Сәлем бердік үлкенге.<br>сәлеметсіздер ме, балалар!<br>Сәлеметсіздер ме, балалар! |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Балалар назары суреттерге аударылады.<br>-Мынау қандай жыл мезгілі?<br>-Көктемде не болады?<br>Суреттегі балалар іс әрекеіне аудару.Сұрақ қоя отырып, жаңа сөздермен таныстыру.<br>-Балалар не істеп жүр?<br>Көктем мезгілі<br>Көктемде күн жылына бастайды. Алғашқы гү Бәйшешек қардың астынан көріне бастайды. Қар ериді. Құстар ұшып келе бастайды.<br>Сөзді, сөйлемді қайталайды<br>**Дыбыстық жаттығулар**.<br>КӨ-КӨ-КӨ-КӨКТЕМ.<br>ҚО-ҚО-ҚО-ҚОЛШАТЫР.<br>ҚҰ-ҚҰ-ҚҰ-ҚҰС.<br>Тем – тем - тем- келіп қалды көктем<br>Ой-ой-ой- қорада тұр қой.<br>Ай-ай-ай- жайылып жүр тай.<br>Ақ-ақ-ақ- ойнақтайды лақ.<br>Зы-зы-зы- секеңдейді қозы<br>**Сергіту сәті.**<br>Шаршасаңдар, балалар,<br>Қолдарыңды созыңдар.<br>Саусақтармен ойнаңдар,<br>Қолдарыңды сермеңдер<br>Денелерің шынықсын.<br>**Тақпақ жаттайық**<br>Көктем, көктем,көктем,<br>Неткен сұлу көркем.<br>Қыс міне, кетіп барады,<br>Көктем орнын басады.<br>**«Жалғастыр» Д-ойыны.**<br>Ойын барысында жаңа және өткен тақырыптар бойынша үйренген сөздерді қолданады.Мысалы:жапыр.., құст..., жыл.., салқ..., сар..., т.б.<br>**Ойын: «Бұл қай кезде болады?»** |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **«Бұл үйде кімдер тұрады»** Д-ойыны. |

**Тексерілді : 10.04.2023 ж** Әдіскер методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

| **ҰҚ** | **Қазақ тілі 12.04.2023** |
|---|---|
| *Міндеті* | **М і н д е т і :** Ертегілер, театр туралы білімдерін арттырып, қиялдау, ойлау, армандау, жақсылыққа ұмтылу қабілеттерін дамыту.<br>Жыл, мезгілдерін және табиғаттың жеке құбылыстарын; заттардың көлемі мен түсі бойынша белгілерін; заттармен әрекетін атауғаүйрету. Сөздің дыбысталу мәдениетін жетілдіру.<br>**Билингвалдық компоненті:**ертегі – сказка, қызық – интересный, ертегі кейіпкері – сказочный герой, қоян – заяц, волк – қасқыр, аю – медведь и.т.д. |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыпқа байланысты суреттер, |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Амансыз ба алтын күн,<br>Амансыңба жер ана.<br>Амансыз ба көк аспан,.<br>Амансыз ба ? балалар! |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Балалар, енді бір - біріміздің қолымыздан ұстап, алақан жылуы арқылы да бір - бірімізге «қайырлы таң» тілейік.<br>- Балалар, енді орнымызға жайғасып отыра қояйық.<br>**Ғажайып сәт:**<br>Есікті қағып,хат тасыушы келіп Тәрбиеші қорапты алып, ашып, хат алады және сиқырлы таяқша алады. Тәрбиеші хатты ашып оқиды.<br>-Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Мен сендерді ертегілер еліне қонаққа шақырамын. Ертегілер еліне келу үшін менің жұмбақтарымның шешуін тапсаңдар, мен сендерді өзім күтіп аламын.<br>1-ші: **Жұмбақтар.**<br>Үйін жинап ертеңмен,<br>Миіз тауып алыпты.<br>Мысығы келмеген соң,<br>Ол өкпелеп қалыпты. Бұл қай ертегі?<br>2-ші:<br>Атай өзі салғанын,<br>Көрді өсіп қалғанын.<br>Ары тартты, бері тартты,<br>Тарта аламады. Бұл қай ертегі?<br>3-ші:<br>Апасынан қашып кетті,<br>Атасынан қашып кетті.<br>Кездестіріп біраз аңды,<br>Біраз жолдан асып кетті. Бұл қай ертегі?<br>Саңырауқұлақ, саңырауқұлақ,<br>Басында қалпағы бар.<br>Ормандағы жәндіктерге,<br>Жауын жауса пана болар.<br>Сізге "Бауырсақ " ертегісін саханалап берейік<br>Міне балалар, бұл ертегіде түлкі бауырсақты жеп қояды, бауырсақ сәтсіздікке ұшырайды. Түлкі қандай?<br>Бауырсақты жеп қойғаны аянышты ма? Әрине.<br>Ал енді бүгінгі «Бауырсақ» ертегісінің жаңа нұсқасында бауырсақ сәтсіздікке ұшырамайды, керісінше жақсылыққа кенеледі. Олай болса, «Бауырсақ» ертегісінің жаңа нұсқасын құрастырайық. -Сол ертегідегі басты кейіпкеріміз, бізге бүгін көмек сұрай келіпті. Ал біздің көмегіміз ол -- қоршаған әлем, сауат ашу, математикадан жыл бойы алған білімдерімізбен көмектесу.<br>- Балалар, бауырсаққа көмектесуге дайынсыңдар ма?<br>- Сабақ барысында, балалар, мен сендерді мынадай фишкалармен ( ертегідегі бауырсаққа ұқсас сурет) марапаттап отырамын, сендер ұпай жинайсыңдар, кімде - кімнің ұпай саны жоғары болса, сол оң нәтиже көрсетпек |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **«Бұл үйде кімдер тұрады»** Д-ойыны. |

**Тексерілді : 12.04.2023 ж** Әдіскер Методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

| ҰҚ | Қазақ тілі 17.04.2023 |
|---|---|
| *Міндеті* | **М і н д е т і :** Қазақстан Республикасы туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Отанын, халқын, Президентті сыйлауға баулу; айланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сөздер:**Отан, мемлекет, егеменді, тәуелсіз, бәйтерек, елбасы, елорда, мақтан, мәңгі, орталық, оңтүстік, солтүстік, әлем.<br>**Сөз тіркесі:** Менің Отаным-Қазақстан. Менің елім, туған жерім –Қазақстан. Отан-оттан да ыстық. |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыпқа байланысты суреттер, |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Күніміз шуақты болсын!<br>Аспанымыз ашық болсын!<br>Көк туымыз биік болыс!<br>Елімізде тыныштық болсын! |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | **Тіл ұстарту жаттығулары:**<br>Тан – тан – тан – Біздің Отан<br>Қ-қ-қ, қазақ, Қазақстан.Бұл сөздерде қазақ тіліне тән қандай дыбыс бар?(*Қ дыбысы бар)*<br>Мұғалім: Балалар, біз қай мемлекетте өмір сүріп жатырмыз?<br>Дұрыс айтасыңдар, балалар, Біздің Отанымыз – Қазақстан!<br>Балалар, сендер біздің Елорламыз қай қала екенін білесіңдер ме?<br>Балалар: Нұр –Сұлтан қаласы<br>Мұғалім: Ал, балаларбіздіңмемлекетіміздіңПрезидентікім?<br>Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаев.<br>Мұғалім: Балалар, Қазақстанның қандай қалаларын білесіңдер**?**<br>Балалар: Шымкент, Қостанай, Қызылорда ....<br>Мұғалім: Елімізде көптеген ұлттар тату – тәтті өмір сүреді. Балалар, қандай ұлттарды білесіңдер?<br>**Сергіту сәті.**<br>Көтеріліп шаңырақ,<br>Керегелер керіліп,<br>Уықтары шаншылар.<br>Өрімдей боп өрілер,<br>Бәріміз жүрсек айналып,<br>Киіз үй боп көрінер.<br>**Тақпақ жаттайық**<br>Астана арман қала<br>Бағы бір жанған қала<br>Тұрады ол жап – жас болып<br>Мен үлкен болғанда да<br>**Мақал – мәтел**<br>Отан оттан да ыстық. Туған жер – алтын бесік Отан – елдің анасы.<br>**Ойын:** «Өз мемлекетінің туынды тап» (үстел үстінде әр мемлекеттердін тулары суретте бейнеленген, балалар ішінен өз мемлекетінің туын табу керек) |
| **Рефлексивті түзетушілік** | «Қандай?» Д-ойыны. |

**Тексерілді : 17.04.2023 ж** Әдіскер Методист Дай–

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

| **ҰҚ** | Қазақ тілі 19.04.2023 |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Қазақстанның байлығы туралы түсініктерін нығайту. Отанына деген жылы сезімді ояту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Сөздік жұмыс: Отан, қала, Астана, Алматы, Қызылорда, Шымкент, Тараз, байлық, алма, мақта, күріш, бидай, мал, көмір т.б., |
| **Көрнекіліктер** | Көрнекіліктері: Қазақстанның картасы, апорт, күріш, мақта, көмір, бидай, мал суреттері |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Күніміз шуақты болсын!<br>Аспанымыз ашық болсын!<br>Көк туымыз биік болыс!<br>Елімізде тыныштық болсын! |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | -Балалармен Қазақстанның байлықтары туралы әңгімелесу. Сұрақ - жауап<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Та- та- та- та ектім мақта, бидай, арпа.<br>Мір- мір- мір жақтым көмір<br>Ал- ал-ал – жайлауда көп мал<br><br>**“Не үшін қажет?” ойыны.**<br>Шарты: Мақта неге қажет? Көмір неге қажет?,<br>Күріш не үшін керек? Мұнай не үшін керек?<br>Мал не үшін керек? т.б.<br>Қызылордада – күріш, Қарағандыда – көмір, Шымкентте – мақта<br>Қостанайда – бидай,<br>Алматыда – апорт алма, Өскеменде – мал шаруашылығы,<br>Атырауда – мұнай т.б.<br>**Сергіту сәті:**<br>Қоян, қоян секеңдейсің, (балалар қоян болып секіреді).<br>Мұздан қарғып өтем дейсің (Аяқтарын алға қарай адымдап басады)<br>Тайып, құлап түстің, (Қол қимылымен көрсетіп сұрайды).<br>Не болды ал, үстің? (Екі қолын алдына созып, көрсетеді)<br>**Ойын: «Картадан тап»**<br>Шарты: Картада Қазақстанның қалаларының атаулары азылған. Сол атауларға тиісті байлықтарын желімдеп ілу.<br>Ойын. «Сөзді аяқта» |
| **Рефлексивті түзетушілік** | «Қай қалада?»<br>Суретте көмір, күріш, мақта, алма- апорт, мұнай т.б. көрсетіледі. |

**Тексерілді : 19.04.2023 ж** Әдіскер методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

| **ҰҚ** | **Қазақ тілі 24.04.2023** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** Қазақстан халқының тарихына, мәдени мұрасына баулу, тәуелсіз еліміздің басты жетістігі – халықтар арасындағы достық түсінігін қалыптастыру. Достыққа тәрбиелеу. Сөздік қорларын арттыру. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген жанашырларын ояту. Туған жер туралы түсінік беру.<br>**Сөздер: дос, халық, тату, мереке** |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, үлестірме карточкалар |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Арайлап таң атты<br>Алтын сәуле таратты.<br>Қайырлы таң, алтын күн!<br>Қайырлы таң, кең далам! |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Балалармен Қазақстан халықтарының достастығы туралы әңгіме жүргізіледі.<br>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен халықтар достастығы туралы әңгімелесеміз.<br>Суреттер бойынша өткен **«Мамандық атаулары »** тақырыпты қайталау. Қима материалмен жұмыс. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишкадан алады, соңында фишкалар саналып,жеңімпаз анықталады.<br>**Жаңа сөздермен таныстыру.**<br>–Қазақстан – көпұлтты республика. Қазақстан қандай республика?<br>–Қазақстан – көпұлтты республика.<br>–Қазақстан халқы тату тұрады.<br>–Қазақстан халқы қалай тұрады? Қазақстан халқы татутұрады. Қазақстан – ортақ үйіміз.<br>–Ортақ үйіміз – ...<br>–Дима, сенің досың кім? Сен досыңмен қалай ойнайсың?Балалар жаңа сөздерді дос, халық, тату, мереке және сөйлемдерді қайталайды.<br>**Педагог шағын мәтін құрап айтады:** *Біздің Отанымыз –Қазақстан. Қазақстан - көпұлтты республика. Қазақстанхалқы тату тұрады. Қазақстан біздің ортақ үйіміз.*<br>**Сергіту сәті.**<br>Дөңгелене тұрайық,<br>Керегені құрайық.<br>Уық болып иіліп<br>Шаңыраққа киіліп<br>Киіз үйді құрайық.<br>**Дидактикалық ойын «Жалғастыру».**<br>Біздің Отанымыз – Қазақстан.Біздің Отанымыз – ... .<br>Қазақстан – көпұлтты республика.Қазақстанреспублика.<br>Қазақстан халқы тату тұрады.Қазақстан халқы тұрады.<br>Қазақстан – біздің ортақ үйіміз.Қазақстан – біздің үйіміз.<br>Балалар сурет бойынша сөздерді қайталпайды. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Ойын** «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытындылайды. |

**Тексерілді : 24.04.2023 ж** Әдіскер методисі Дай–

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

| **ҰҚ** | **Қазақ тілі 26.04.2023** |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** Ойыншық атауларын қайталау. Оларды берші сөзімен байланыстара қолдануға, ойнағысы келген ойыншықты сұрап алуға үйрету. Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру, еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына құрмет сезімдерін тәрбиелеу, адамның қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты қарау; балалардың сөйлеуін дамыту<br>**Сөздік: автокөлік, ұшақ, тік ұшақ , пойыз, велосипед.** |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыпқа байланысты суреттер, үлестірме карточкалар |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Достар, бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер. |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Балалармен ойыншық атаулары туралы әңгіме жүргізіледі.<br>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен ойыншық атаулары туралы әңгімелесеміз.<br>**«Доп үрлеу» ойыны.**<br>Педагог балалармен шеңбер құрып тұрады. Доп үрлегендей,ауыздарымен тыныс алу жаттығуларын жасайды.<br>– Үлкен доп боламыз, кішкентай доп боламыз.<br>**2.Негізгі кезең**<br>Педагог балалардың назарын ойын бұрышына аударып,сұрақтар қояды.<br>– *Мынау не?* (Доп).<br>– *Мынау қандай доп?(Үлкен доп).*<br>– *Мынау қандай доп?* (Кішкентай доп).<br>– *Мынау не?* (Мынау – қуыршақ. Мынау – мәшине).<br>– *Мынау қандай мәшине?* (Үлкен мәшине, кішкентаймәшине. Үлкен ұшақ, кішкентай ұшақ).<br>**Жаңа сөздермен таныстыру.**<br>Менің сүйікті ойыншығым – ұшақ<br>– Өзіңнің сүйікті ойыншығыңды ата?<br>– Менің сүйікті ойыншығым – мәшине т.б.<br>**Педагог тақпақ оқиды.**<br>Ойыншықтар көп бізде,<br>Бәрін жақсы көреміз.<br>Достарыммен жалықпай,<br>Бірге ойнап жүремін.<br>Тақпақта не туралы айтылған? (Ойыншықтар туралы.Балалардың ойыншықтары көп).<br>**Сергіту сәті.**Добым, добым, домалақ,Қайда кеттің домалап?<br>Тепсең болды секіріп, Ұстатпайсың, қашасың.<br>**Дыбыстық жаттығу** (айнамен).<br>Қ-ЫҚ-ШЫҚ – О-ЙЫН-ШЫҚ – ОЙЫНШЫҚ.АҚ-ОҚ-ШАҚ – ҚУ-ЫР-ШАҚ – ҚУЫРШАҚ<br>. Ә-Ә-Ә – МӘ-ШИ-НЕ – МӘШИНЕ.<br>**Үлестірмелі материалдармен жұмыс.**<br>Балаларға ойыншық салынған парақшалар таратылып, ондағы ойыншық атауын кезек-кезекпен айқызу. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Ойын** «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытындылайды. |

**Тексерілді : 26.04.2023 ж** Әдіскер методисті

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰҚ** | **Қазақ тілі 02.05.2023** | |
| *Міндеті* | **Міндеті:**Жаз мезгілі, жазғы өзгерістер, ойындар арқылы білімдерін жетілдіру. Қазақ тілін тыңдау және түсіну білуді жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздерді түсіну және анықайту, сөйлегенде қазақша сөздерді және сөз тіркестерін қолдануды жаттықтыру. Балалармен мақал-мәтелдерді жатқа айтуды жалғастыру.<br>**Сөздер:**Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз Ыстық, демалу, піседі, қыздырыну, шомылу, жүзу<br>**Сөз тіркесі:** Күнге қыздырыну, суда жүзу, күнге киетін көзілдірік, жазғы демалыс, ыстық жаз | |
| **Көрнекіліктер** | Көрнекіліктері: Қазақстанның картасы, апорт, күріш, мақта, көмір, бидай, мал суреттері | |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Күніміз шуақты болсын!<br>Аспанымыз ашық болсын!<br>Көк туымыз биік болыс!<br>Елімізде тыныштық болсын! | |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | **- Дыбыстық жаттығу**<br>аз-аз-аз Құдықты қаз.<br>Қаңқылдайды қаз.<br>Келіп қалды жаз.<br>Болып қапты жаз.<br>Балалар назары суреттерге аударылады.<br>-Мынау қандай жыл мезгілі?<br>-Жазда не болады?<br>Суреттегі балалар іс әрекеіне аудару.Сұрақ қоя отырып, жаңа сөздермен таныстыру.<br>-Балалар не істеп жүр?<br>-Шомылу шо- мы- лу<br>Лу – лу -мынау шомылу<br>Немен жүзіп жүр?<br>Қайықпен<br>Ық – ық қайық<br>Жазда ауа – райы қандай болады?<br>Жаз ыстық. Тық-тық Ыстық. Түрлі – түсті гүлдер өседі.<br>Ромашка – Түймедақ, Астра, Лиля, Қызғалдақтар, Роза т.б.<br>Түстері - қызыл, ақ, сары, көк т.б.<br>  <br>Сөзді,сөйлемді қайталайды<br>**Сергіту сәті.**<br>Шаршасаңдар, балалар,<br>Қолдарыңды созыңдар.<br>Саусақтармен ойнаңдар,<br>Қолдарыңды сермеңдер<br>Денелерің шынықсын. | **Мақал-мәтелдер жаттап үйренейік.**<br>1.Қыс азығын жаз жина.<br>.Көктемде түскен бір дән. Күзде мың дән болады.<br>3.Қыс қарлата келеді, Көктем жауындата келеді.<br>Дәптермен жұмыс ұйымдастыру.<br>**Ойын: Сөзді аяқта** |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **«Қуырмаш»** Д-ойыны.<br>Ойын барысында жаңа үйренген сөздерді қолданады.<br>Мысалы: жаз, құстар, ыстық, су, шомылу. | |

**Тексерілді : 2.05.2023 ж** Әдіскер Методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

| ҰҚ | Қазақ тілі 4.05.2023 |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:**Балаларға жаз айлары туралы мағұлмат беру. Жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру.Сөздік қорларын арттыру. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген жанашырларын оятуды жалғастыру. Жаз мерзілімен қатар келетін табиат құбылыстарын айтқызу. Жаңа сөздермен танысу барысында қазақ тілінің тән дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сөздер: жаз, жасыл орман, әдемі гүлдер, серуен.** |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік! |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Балалармен жаз мерзілі туралы әңгіме жүргізіледі.<br>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен жаз мерзілі туралы әңгімелесеміз.<br>**Сөздік ойын: «Мен бастаймын, сен қошта». Өткен тақырыпты қима суреттермен қайталау.**<br>Әдемі ... (ойыншық)<br>Сары ... (ұшақ)<br>Үлкен ... (машина)<br>Кішкентай .... (пойыз)<br>**Жаңа сөздермен таныстыру.**Жаз мезгілі туралы демонстрациялық материалдармен жұмыс.<br>**Педагог қысқа мәтін құрайды.***Бұл – жаз мезгілі. Күныстық. Гүлдер көп.*<br>— Қай жыл мезгілі? Жаз мезгілі. Күн қандай? Күн ыстық. Гүлдер қанша? Гүлдер көп.<br>Балалар сөздерді және сөйлемдерді жеке-жеке және хорменқайталайды: жаз, жасыл орман, әдемі гүлдер, серуен.<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Қ-Қ-Қ – ЫС-ТЫҚ– ЫСТЫҚ<br>Ү-Ү-Ү – ГҮЛ<br>**Сөздік ойын: «Жалғастыр».** *Жаз мезгілінде күн ... (ыстық).Жаз мезгілінде ... көп. (гүлдер)*<br>**Сергіту сәті.**<br>Тербеледі нәзік гүлдер,<br>Самал бетке еседі.<br>Кіп-кішкентай гүлдерге<br>Су құйғанда өседі.<br>**Қима материалдармен жұмыс. Ойын: «Суреттерді топтау» ойыны.** Қима материалдардан жаз мезгіліне қатысты суреттерді табады, сөздерді педагогтің соңынанқайталайды.<br>**Үлестірмелі материалдармен жұмыс.**<br>Суретке қара. Мынау қай жыл мезгілі? Жазда күн қандайболады?<br>Педагог тапсырманы түсіндіреді.<br>Сурет бойынша жаз мезгілі туралы әңгімелейді.<br>— Жазда күн қандай болады?<br>— Күн ыстық болады. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Ойын** «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды. |

**Тексерілді : 4.05.2023 ж** Әдіскер Дай— методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰҚ</td><td colspan="2">Қазақ тілі  08.05.2023</td></tr>
<tr><td>Міндеті</td><td colspan="2">Міндеті:Білімділік: Үй құстары және олардың балапандарымен таныстыру, үй құстары жайлы түсініктерін ажырата білуді үйрету;<br>Дамытушылық: Триз технологиясы арқылы қиялын дамыту, ойын арқылы сөздік қорларын молайту.<br>Тәрбиелік: Үй құстарына қамқор болуға, оларды күте білуге, құстарды қорғауға тәрбиелеу.<br>Қолданылатын көрнекіліктер мен құрал-жабдықтар: интеративтік тақта, үй құстары туралы слайд, үй құстарының суреттері, атрибуттар.<br>Блингвальді компонент:<br>үй құстары - домашние птицы, әтеш-петух , тауық- курицы, балапан-цыпленок, қаз-гусь, мамыр-гусенок , үйрек-утка, шүрегей - утенок.</td></tr>
<tr><td>Көрнекіліктер</td><td colspan="2">Көрнекіліктері тақырыптық суреттері</td></tr>
<tr><td>Мотивациялық-қозғаушылық</td><td>Күнге қарап қолымды<br>Бір, екі, үш деп соғайын<br>Қарап тұрған көршіме<br>Мен қолымды бұлғайын<br>Жылы-жылы жүзбенен,<br>Жылы-жылы сөзбенен<br>Жүрегімді сыйлайын.</td><td></td></tr>
<tr><td>Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік</td><td>- Балалар, қәнекей бәріміз интеративтік тақтаға назар аударайықшы.<br>- Тауық, үйрек, қаз, әтеш - бұлардың бәрі үй құстары деп аталады.<br>- Мынау тауық. Шұбар түсті тауық екен.  Міне мынау жұмыртқасы.<br>- Ал мынау-үйрек. Үйректің түсі жасыл екен. Бұл құстар суда жүзгенді ұнатады.<br>- Мынау-қаз. Қаздың мойны, тұмсығы ұзындау болады. Ал мынау қанаттары.<br>- Мынау - әтеш. Мына әтештің түсі қара екен. Әтеш тауыққа қарағанда үлкендеу болады.<br>- Балалар, үй құстары жеммен қоректенеді. Олар көктемде балапан басады.Үй құстарының пайдасы көп: жұмыртқасын, етін адамдар тағам ретінде пайдаланады, жүнінен жастық, көрпе жасайды. Сол себептен адамдар үй құстарына қамқорлық көрсетіп, асырайды. Қора жасайды, ұя салады, жем береді, ыдысқа су құйып береді, ұя маңын тазалайды, балапандарына да қорек беріп, көмек көрсетеді.<br>- Енді балалар осы үй құстарын көрдік, енді олардың  сендер сияқты кішкентай балапандары болады, солармен танысайық.<br>- Тауық - балапан,<br>Қаз- мамыр,<br>Үйрек- шүрегей.<br>- Балалар үй құстарының дыбысын салу арқылы тілімізге жаттығу жасайықшы.<br>- Тауық қалай дыбыстайды?<br>- Үйрек қалай дыбыстайды екен?<br>- Қаз қалай дыбыстайды?<br>- Әтеш қалай дыбыстайды?</td><td>- Балалар, мен сендерге үй құстарына байланысты тақпақ айтып беремін, сендер мені мұқият тыңдаңдар.<br>- Тауық туралы.<br>Ақ тауық-ау, ақ тауық,<br>Ақ тауық неткен қақсауық,<br>Аяп жүрсем тауықты.<br>Бір жұмыртқа тауыпты.<br><br>- Жарайсыңдар! Енді үйрек туралы тақпақ айтайықшы.<br>Үйрек айтты га-га-га,<br>Шыға алмаймын жағаға.<br>Су іздесең мұнда кел,<br>Самал жел бар мұнда да.<br>- Енді қаз  туралы тақпағымызды айтайық.<br>Қазым, қазым, қаңқылда,<br>Көлде жүзіп салқында,<br>Жем шашайын жейсің бе?<br>Кәмпит берші дейсің бе?<br>Жоқ, жоқ, жоқ<br>Кәмпит тәтті, болмайды ас.<br>Арпа менен бидай шаш.</td></tr>
<tr><td>Рефлексивті түзетушілік</td><td colspan="2">«Қуырмаш» Д-ойыны.<br>Ойын барысында жаңа  үйренген сөздерді қолданады.<br>Мысалы: жаз, құстар, ыстық, су, шомылу.</td></tr>
</table>

**Тексерілді : 8.05.2023 ж** Әдіскер методисі

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰҚ</td><td colspan="2">Қазақ тілі  11.05.2023</td></tr>
<tr><td>Міндеті</td><td colspan="2">Міндеті:Жәндіктердің тыныс – тіршілігі, еңбек етулері әңгімелеу. Сөздік қорларын байыту. Өз ойларын айта білуге баулу.<br>Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Жәндіктер туралы балаладың білімдерін кеңейту,   Жаңа сөздер үйрету:<br>Жәндіктер: құмырсқа, ара, шыбын, көбелек, шегіртке, қоңыз,     құмырсқа, ара, шыбын, көбелек, шегіртке.</td></tr>
<tr><td>Көрнекіліктер</td><td colspan="2">Көрнекіліктері тақырыптық суреттері</td></tr>
<tr><td>Мотивациялық- қозғаушылық</td><td>Табиғат біздің анамыз<br>Табиғатқа баламыз<br>Иіліп сәлем береміз<br>Біз әдепті баламыз.</td><td rowspan="2">Жұмбақ шешу<br>1. Екі басы жұдырықтай<br>Ортасы қылдырықтай<br>/құмырсқа/<br>2. Ызыңдап ән салып<br>Лас жерге қонады.<br>/шыбын/<br>3. Тоқыған ауы – шыбынның жауы<br>/өрмекші /<br>4. Жіп – жіңішке инедей,<br>Екі көзі түймедей.<br>Тікұшаққа ұқсайды,<br>Бірақ биік ұшпайды.<br>/инелік /<br>5. Гүлдерге қонады.<br>Шырынын сорады<br>Түрі – түсі сары – ала<br>Бұл не ? /ара /<br>6. Өзі кілем түрінде,<br>Құдды қырдың гүліндей,<br>Гүлге қонса кетеді,<br>Айырмасы білінбей. /көбелек /<br>Сергету сәтті: ойын «қай жәндік қалай дыбыстайды?»<br>Жәндіктер қалай дыбыстайды?<br>Ара – ызылдайды. (Ыз –ыз –ыз -ззззз)<br>Шыбын – ызыңдайды. (ыжжж- ыжж)<br>Шегіртке – шырылдайды.<br>Бақа – бақылдайды, құрылдайды.<br>)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік</td><td>- Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>Мына жәндіктер қалай аталады? (Көбелек, ара, инелік, өрмекші, құмырсқа, қоңыз)<br>Бұл жәндіктердің пайдасы қандай? (Бал алады, зиянды құрттардан тазартады.Көбелек гүлдерді тозаңдандырады, талшығынан жібек мата алынады.Қоңыз өсімдіктердің жапырағын зиянды құрттардан тазартып, емдейді. Құмырсқа еңбекқор, илеуіне қонған құстардың үстіндегі бүргелерін тазартады.Шегіртке зиянды көк шөптерді, егінді жеп құртып отырады. Шегірткелер топталып жүреді.<br>Ара гүлдердің шырынынан бал жинайды. Қоңыздар топырақты қазып шіріген заттарды ыдыратып табиғат тазалығын сақтауға үлес қосады. )<br>Жәндіктер туралы кім тақпақтар біледі?<br>1. Балалар – ау, балалар!<br>Алаңқайға шығайық<br>Көктем тілін ұғайық<br>Құрт – құмырсқа, көбелек<br>Ұшып жүрген бөгелек<br>2. Ызыңдайды күнімен<br>Ызыңдайды түнімен<br>З-з-з-з-з-з-з-з-з-з-з-з-з-з-<br>Құпиясын біліп ал:<br>Қашады ол түтінен.<br>3. Ұстап алдық қоңызды,<br>Жақтырмады ол бізді<br>Гүж –гүж – гүж –гүж<br>Айтып жүрме ренжіп!<br>Ж-ж-ж-ж-ж-ж-ж-ж-ж<br>4. Көбелек пен инелік<br>Қалды тіптен именіп<br>Мұңды әуен бастады<br>Шегірткеміз күйзеліп<br>Ш-ш-ш-ш-ш-ш-ш-ш-ш</td></tr>
<tr><td>Рефлексивті түзетушілік</td><td colspan="2">Ойын «Не артық» (жәндіктер мен құстар</td></tr>
<tr><td>Тексерілді : 11.05.2023 ж Әдіскер методисі</td><td colspan="2">Дай—</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td>ҰҚ</td><td colspan="2">Қазақ тілі  17.05.2023</td></tr>
<tr><td>Міндеті</td><td colspan="2">Мақсаты: Балалардың ертегілер туралы түсініктерін кеңейту, білімдерін толықтыру. Сөздік қорын молайтып, рольдерде ойнауға үйрету. Диалогты, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Достыққа, татулыққа, қоғамдық ортада өздерін мәдениетті ұстауға тәрбиелеу.<br>Билингвальды компоненті: ертегілер – сказки, түлкі – лиса, тышқан – мышка, мысық</td></tr>
<tr><td>Көрнекіліктер</td><td colspan="2">Көрнекіліктері тақырыптық суреттері</td></tr>
<tr><td>Мотивациялық-қозғаушылық</td><td>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды қаламыз,<br>Жарқырайды даламыз.<br>Қайырлы таң, балалар,</td><td rowspan="2">Сиқырлы тақтадан ертегілердің слайды көрсетіледі.<br>- Баяғыда шал мен кемпір өмір сүріпті. Шал көмекке кемпірін, немере қызын, күшігін,мысығын. Тышқынды көмекке шақырыпты.<br>- Бұл қандай ертегі?<br>Ол орманда адасып қалыпты. Бір үйге келеді, үйде ешкім жоқ. Үстелде үш кесеботқа. Үш қасық және үш орындық, үш төсек болады.<br>- Бұл қандай ертегі?<br>Сендер ертегілерді жақсы біледі екенсіңдер<br>- Ал мына ертегіні әндетіп айтам, тауып көріңдерші.<br>Лақтарым, шұнақтарым, ашыңдар есікті.<br>Аналарың келді сендерге сүт әкелді.<br>- Бұл қандай ертегі?</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік</td><td>-Тәрбиеші: балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын: Естігенде ғажайыптар әлеміне енесің,<br>Барлық бала, тыңдағанды жақсы көресің. Ол не?<br>Балалар: Ертегі.<br>Ертегі – сказка -<br> Ертегі кейіпкерлері туралы<br>Жұмбақтар:<br>Ірімшік, майды қоймаған<br>Қапты тесіп ойнаған? Бұл не? (Тышқан)<br>Тарпақ – тарпақ тарбиған<br>Түрі жаман жарбиған. Бұл не? ( Бақа)<br>Сыбдыр шықса қашады<br>Қырдан бірақ асады. Бұл не? (Қоян)<br>Өзі айлакер, өзі бір қу,<br>Жүрген жері айқай да шу. Бұл не? (Түлкі)<br>Сұр түсті, ақсиған көп түсті. Бұл не? (Қасқыр)<br>Қыс бойына жатады,<br>Тәтті ұйқыға батады. Бұл не? (Аю)<br><br>. «Үйшік» ертегісінде ертегісін оңайту<br>Балаларды мадақтау, мақтау.</td></tr>
<tr><td>Рефлексивті түзетушілік</td><td colspan="2">«Қандай ертегі кейіпкері» Д-ойыны.<br>Ойын барысында жаңа  үйренген сөздерді қолданады.</td></tr>
</table>

**Тексерілді : 17.05.2023 ж** Әдіскер методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

| ҰҚ | **Қазақ тілі 22.05.2023** | |
|---|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** «Дос іздеген бота» балаларға «Дос», «Достық» құндылығы туралы түсінік беру. Баланың айналаны өзі танып-білуіне жағдай жасау. Достар арасы сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейту.Өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту.Достаса білуге, татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.Шығармашылық қабілеттерін дамыту. | |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыпқа байланысты суреттер, карточкалар, слайдтық презентация | |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | «Әдепті елдің баласы,<br>Алдымен сәлем береді»<br>Сәлем саған Жер Ана!<br>Сәлем саған нұрлы күн!<br>Аман –есен болайық, Бейбітшілік қалайық! | |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Жүргізуші: Ерте, ерте, ертеде боталы түйе болыпты. Ол өзінің жібек жүнді сүйкімді баласына мейірімділікті, адалдықты үйретіпті. Мөлдір көзді бота өте ақылды болып өседі.<br>Бір күні анасы:<br>- Боташым, мен саған жақсы достан басқаның бәрін бердім. Енді тура өзің сияқты дос тап. Доссыз өмір қызық емес,- дейді.<br>Бота әндете жолға аттанады.<br>Бота, бота, ботамын,<br>Ақылды боп атандым<br>Тостақандай көзім<br>Әдемімін өзім.<br>Мысықты кездесіреді:<br>- Бө - ө - ө, мен дос іздеп жүрмін,- дейді бота боздап.<br>- Мяу - мяу, мияулаған мысықпын,<br>Өзім тым пысықпын,<br>Кел екеуміз дос болайық.<br>- Жоқ - жоқ сен сияқты дос емес.<br>Бота итті кездестіреді.<br>- Аф, аф,<br>Атым менің Саққұлақ,<br>Жүремін ылғи шапқылап.<br>Кел екеуміз дос болайық.<br>Бота әтешті кездестіреді.<br>- Ку - ка - ре - ку, | Алқызыл менің айдарым<br>Таңмен ерте тұрамын,<br>Кел екеуміз дос болайық.<br>Бота бақаны кездестіреді.<br>- Бақылдаған бақамын,<br>Қызыққа күнде батамын.<br>Бота лақты кездестіреді.<br>- Мен ақпын,<br>Секеңдеген лақпын<br>Кел екеуміз дос болайық.<br>Бота қозыны кездестіреді.<br>Мен қозымын,<br>Момақанның өзімін.<br>Кел екеуміз дос болайық.<br>Бота Араны кездестіреді.<br>- З - з - з, кел екеуміз дос болайық,<br>Гүл терейік, бал жинайық.<br>- Жоқ, жоқ сен сияқты дос емес.<br>Ара ашуланып қуа жөнеледі. Бота зорға дегенде қашып құтылады.<br>Анасы: Дос таптың ба, ботам?<br>- Жоқ, анашым, сенбесеңіз көктегі күннен сұраңыз. Тура мен сияқты д жоқ екен.<br>- Өзің сияқты дегенім, адалдығыңды айтқаным, боташым. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | -Қандай ертегі тыңдадық? -Ертегіде қандай кейіпкерлер бар? -Бота өзіне достар тапты ма? -Достар қандай болу керек? | |

**Тексерілді : 22.05.2023 ж** Әдіскер методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

| ҰҚ | Қазақ тілі 15.05.2023 | |
|---|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** Су астындағы тіршілік туралы балалардың білімдерін арттыру. Сөздің дыбысталу мәдениетін жетілдіру. Артикуляциялық дыбыстарды анық айтуын жаттықтыру. Қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту үшін ойын жаттығуларын қолдану. Тіл мәдениетін жетілдіру.<br>**Сөздер:** Балық, шаян, су тасбақасы, өзен, теңіз, балдырлар, үлкен, үлкенірек, кішкентай<br>**Сөз тіркесі:** суда жүзеді, қоректенеді, тыныс алады, тіршілік етеді.<br>**Билингвальды компонент:** Балық–рыба – fish, жайын – сом, шортан – щука, табан – лещ, кит – кит. | |
| **Көрнекіліктер** | Көрнекіліктері тақырыптық суреттері | |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Табиғат біздің анамыз<br>Табиғатқа баламыз<br>Иіліп сәлем береміз<br>Біз әдепті баламыз. | |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | - жұмбақ жасырайын.<br>Суда өсіп өнеді,<br>Сыртқа шықса өледі.<br>Ол не? (Балық)<br>1 Балалар балықтар суда мекендейді екен. Олар өзенде, көлде, теңізде тіршілік етеді. Балықтардың түрлері өте көп. алықтардың ішінде ең үлкені кит.<br>- Балалар біз балықтарды тағы қай жерде кездестіреміз?<br>Иә дұрыс айтасындар. Бірак біз оларға қамқорлық жасаумыз керек. Уақытысында тамақ беріп, суын ауыстыру қажет. Олар ауырмау үшін, керек кезде дәрумендерді беру керек екен.<br>Балалар менің сендердің тапқырлықтарыңды сынағым келіп тұр.<br>**Сергіту сәті.**<br>Тық, тық, тық,<br>Жаңбыр жауды<br>Теңіз толқыды<br>Балықтар оңға жүзеді<br>Балықтар солға жүзеді.<br>Балықтар суда өмір сүреді.<br>**Дидактикалық ойын. «Тез, ойлан»**<br>**Мақсаты:** Балықтар туралы тапсырма беру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Шарты:** Тапсырма сұрақтарын мұқият тыңдап, дұрыс жауабын беру керек.<br>Суретте неше балық?<br>Бірдей балықтардың саны нешеу?<br>Үлкен балықтардың саны нешеу?<br>Кіші балықтардың саны нешеу? | |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқу қызметінде алған білімдері қорытындыланады. -Балықтар қай жерде өмір сүреді? -Балықтар немен қоректенеді? Бүгін сендерге не істеген ұнады? | |
| | **Тексерілді : 15.05.2023 ж** Әдіскер методисі | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="2">Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы</td></tr>
<tr><td>ҰҚ</td><td colspan="2">Қазақ тілі  24.05.2023</td></tr>
<tr><td>Міндеті</td><td colspan="2">Міндеті:Балаларды қазақтың ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу. Ойын арқылы балалардың адамгершілік, адалдық, әділдік сезімталдық қасиеттерін қалыптастыру. Ұлттық ойындарды ойнай отырып, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырып, салт- дәстүрлерді сақтай білуге ынталандыру. Балалардың тіл байлықтарын арттыру, сөздік қорларын дамыту.<br>Сөздік жұмыс: Ата, әже, бүркітші, қыз қуу, соқыртеке т.б.<br>Билингвалдық компонент: Көктем-весна, народные игры-ұлттық ойындар</td></tr>
<tr><td>Көрнекіліктер</td><td colspan="2">Көрнекіліктері тақырыптық суреттері</td></tr>
<tr><td>Мотивациялық-қозғаушылық</td><td>Күнге қарап қолымды<br>Бір, екі, үш деп соғайын<br>Қарап тұрған көршіме<br>Мен қолымды бұлғайын<br>Жылы-жылы жүзбенен,<br>Жылы-жылы сөзбенен<br>Жүрегімді сыйлайын.</td><td rowspan="2">-Балалар сендер қай Республикада тұрасыңдар?<br>-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктем мезгілінің неше айы бар?<br>-Көктем мезгілінің ерекшеліктерін айтайықшы?<br>-Көктем туралы қандай тақпақтар білесіңдер?<br>Қар еріді, су ақты<br>Күндер туды шуақты<br>Байтақ дала келбеті<br>Түкті кілем сияқты<br><br>Көкке бояп өңірді<br>Көктем келді көңілді<br>Бау-бақшада орманда<br>Құстар әні төгілді.<br>-Жарайсыңдар балалар!<br>-Балалар көктем мезгілінің табиғаты тамаша, саяхатқа барғыларың келеді ме?<br>Олай болса балалар ата, әжеміздің ауылына қонаққа барайық. «Ата, әже ауылына қонаққа бару»<br>Сәлемдесу.<br>Ата, әже:<br>-Балалар сендер қайдан келе жатырсыңдар?<br>-Балабақшада қандай ойындар ойнайсыңдар?</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік</td><td>-Балалар сендер қай Республикада тұрасыңдар?<br>-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктем мезгілінің неше айы бар?<br>-Көктем мезгілінің ерекшеліктерін айтайықшы?<br>-Көктем туралы қандай тақпақтар білесіңдер?<br>Қар еріді, су ақты<br>Күндер туды шуақты<br>Байтақ дала келбеті<br>Түкті кілем сияқты<br><br>Көкке бояп өңірді<br>Көктем келді көңілді<br>Бау-бақшада орманда<br>Құстар әні төгілді.<br>-Жарайсыңдар балалар!<br>-Балалар көктем мезгілінің табиғаты тамаша, саяхатқа барғыларың келеді ме?<br>Олай болса балалар ата, әжеміздің ауылына қонаққа барайық. «Ата, әже ауылына қонаққа бару»<br>Сәлемдесу.<br>Ата, әже:<br>-Балалар сендер қайдан келе жатырсыңдар?<br>-Балабақшада қандай ойындар ойнайсыңдар?</td></tr>
<tr><td>Рефлексивті түзетушілік</td><td colspan="2">«Қуырмаш» Д-ойыны.<br>Ойын барысында жаңа  үйренген сөздерді қолданады.</td></tr>
</table>

**Тексерілді : 24.05.2023 ж** Әдіскер методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰҚ</td><td colspan="2">Қазақ тілі 29.05.2023</td></tr>
<tr><td>Міндеті</td><td colspan="2">Міндеті:Балаларды қазақтың ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу. Ойын арқылы балалардың адамгершілік, адалдық, әділдік сезімталдық қасиеттерін қалыптастыру. Ұлттық ойындарды ойнай отырып, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырып, салт- дәстүрлерді сақтай білуге ынталандыру. Балалардың тіл байлықтарын арттыру, сөздік қорларын дамыту.<br>Сөздік жұмыс: Ата, әже, бүркітші, қыз қуу, соқыртеке т.б.<br>Билингвалдық компонент: Көктем-весна, народные игры-ұлттық ойындар</td></tr>
<tr><td>Көрнекіліктер</td><td colspan="2">Көрнекіліктері тақырыптық суреттері</td></tr>
<tr><td>Мотивациялық-қозғаушылық</td><td>Күнге қарап қолымды<br>Бір, екі, үш деп соғайын<br>Қарап тұрған көршіме<br>Мен қолымды бұлғайын<br>Жылы-жылы жүзбенен,<br>Жылы-жылы сөзбенен<br>Жүрегімді сыйлайын.</td><td rowspan="2">Балалар сендер қазақтың ұлттық ойындарын білесіңдер ме?<br>Ата: Қазақтың ұлттық ойындары бірнеше түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, заттармен ойналатын ойындар. Олай болса сендердің ұлттық ойындарыңды тамашалайын.<br>-Балалар сендер әдептілік туралы мақал-мәтел білесіңдер ме?<br>1.Ойын: «Бүркітші<br>Шарты: Екі баланы шығарып тақтайшаның үстіндегі тақияны аузымен тістеп алу керек.<br>-Жарайсыңдар балалар!<br>-Балалар сендер қандай жұмбақ білесіңдер?<br>2.Ойын: «Соқыртеке»<br>Шарты: Ойыншының көзі байланып, жанындағы адамды тауып алу керек.<br>-Ал тағы кім жұмбақ біледі?<br>3. Ойын: «Қыз қуу»<br>Шарты: Атпен қызды қуып жету.<br>-Балалар сендер қандай тыйым сөздер білесіңдер?<br><br>4.Ойын: «Арқан тартыс»<br>Шарты: Екі топқа бөлініп арқан тартады.<br>Ата, әже: Балалар тағы қандай өнерлерің бар?<br>Би: «Қаражорға»<br>Ата, әжемен қоштасу..</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік</td><td>-Балалар сендер қай Республикада тұрасыңдар?<br>-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктем мезгілінің неше айы бар?<br>-Көктем мезгілінің ерекшеліктерін айтайықшы?<br>-Көктем туралы қандай тақпақтар білесіңдер?<br>Қар еріді, су ақты<br>Күндер туды шуақты<br>Байтақ дала келбеті<br>Түкті кілем сияқты<br><br>Көкке бояп өңірді<br>Көктем келді көңілді<br>Бау-бақшада орманда<br>Құстар әні төгілді.<br>-Жарайсыңдар балалар!<br>-Балалар көктем мезгілінің табиғаты тамаша, саяхатқа барғыларың келеді ме?<br>Олай болса балалар ата, әжеміздің ауылына қонаққа барайық. «Ата, әже ауылына қонаққа бару»<br>Сәлемдесу.<br>Ата, әже:<br>-Балалар сендер қайдан келе жатырсыңдар?<br>-Балабақшада қандай ойындар ойнайсыңдар?</td></tr>
<tr><td>Рефлексивті түзетушілік</td><td colspan="2">«Қуырмаш» Д-ойыны.<br>Ойын барысында жаңа үйренген сөздерді қолданады.</td></tr>
<tr><td></td><td colspan="2"></td></tr>
</table>

**Тексерілді : 29.05.2023 ж** Әдіскер методист

**Қазақ тілінен «Дарын» мектепалды тобының циклограммасы**

| ҰҚ | Қазақ тілі 31.05.2023 |
|---|---|
| *Міндеті* | **Міндеті:** Жыл бойы өткен тақырыптарды қайталау барысында балаларға жабайы аңдар туралы түсінік беру. Жаңа сөздерді үйрену барысында қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. Балаларды табиғатты аялауға, жан-жануарларды қорғауға деген көз-қарастарын қалыптастыру. Карточкаларды көрсету арқылы аңдарды табу ойынын ойнату.<br>**Сөздер; Аю, қоян, қасқыр, түлкі, кірпі.** |
| **Көрнекіліктер** | Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик, жабайы аңдардың ойыншықтары |
| **Мотивациялық- қозғаушылық** | Арайлап таң атты<br>Алтын сәуле таратты.<br>Қайырлы таң, алтын күн!<br>Қайырлы таң, кең далам! |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | Балалармен аңдар туралы әңгіме жүргізіледі.<br>Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен аңдар туралы әңгімелесеміз.<br>— Сәлеметсіңдер ме! Қайырлы күн, балалар!<br>**«Сұрақ-жауап» дидактикалық ойыны.**<br>**Өткен тақырыпты қима суреттер арқылы қайталау.**<br>— Мынау не? Мынау – тон. Мынау не? Мынау – етік. Бұлар не? Бұлар – жылы киімдер<br>**Жаңа сөздермен таныстыру.**<br>— Мынау – қоян. Мынау не? Мынау – қоян.<br>— Мынау – қасқыр. Мынау не? Мынау – қасқыр.<br>— Мынау– түлкі. Мынау не?<br>— Мынау – түлкі.<br>— Бұлар – жабайы жануарлар. Олар орманда тұрады.<br>— Жабайы жануарлар қайда тұрады?<br>— Олар орманда тұрады. Қоян қайда тұрады? Қоян орманда тұрады.<br>— Қасқыр қайда тұрады? Қасқыр орманда тұрады.<br>Балалар жеке және хормен қайталайды.<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Ү-Ү-Ү – ТҮЛ-КІ – ТҮЛКІ. Қ-Қ-Қ – ҚАС-ҚЫР – ҚАСҚЫР.Қ-Қ-Қ – ҚО-ЯН – ҚОЯН.<br>**ТТШТ/ТРИЗ (тапқырлар тапсырмаларын шешу теориясы): «Кім тапқыр?»** (Ертегі кейіпкерлерінің элементтерін көрсету арқылы, жабайы жануарларды табу).Қоян, қасқыр, аю, түлкі.<br>**Сергіту сәті.** Педагог балаларға қимылды жұмбақ жасырады, өзі балалар бірге музыканың көмегімен түрліқимылдар жасайды.<br>Қоян сияқты секіреміз.<br>Аю сияқты қорбаңдап жүреміз.<br>Түлкі сияқты әдемі, ақырын жүреміз.<br>Қасқыр боламыз.<br>**Қима материалдар арқылы «Дұрыс көрсет» ойыны ойнатылады.**<br>Жабайы жануарларды педагог атайды, балалар суреттерді көрсетеді.Педагог тапсырманы түсіндіреді.Жеке жұмыс жүргізеді |
| **Рефлексивті түзетушілік** | **Ойын** «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды. |

**Тексерілді : 31.05.2023 ж**